ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕҚДБ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТЫ

2-бетте

АЙМАҚ



НАРЫҚТЫ САПАЛЫ ӨНІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ

3-бетте

АҚПАРАТ

«ҚҰЛАН ТАҢЫ»: ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ 85 ЖЫЛ

8-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ saltar61@mail.ru №73-74 (1932-1933) 26 маусым 2025 жыл

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

АҚПАРАТ ӘЛЕМІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күні қарсаңында еліміздің үздік журналистерін қабылдап, алдағы кәсіби мерекелерімен құттықтады, деп хабарлайды, akorda.kz.

– Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл– өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Өздеріңіз білесіздер, соңғы жылдары мемлекетімізде ауқымды өзгерістер жасалуда, маңызды бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Осыдан үш жыл бұрын жалпыұлттық референдум арқылы Конституциямызды жаңғырттық. Мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін өзгертетін тарихи қадамдар жасадық. Елімізде «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Өкілді биліктің құзыреті күшейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі артты. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылды. Ауыл және аудан әкімдері тікелей сайлана бастады. Билікке саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау ісіне белсене араласатын болды. Қоғамда пікір алуандығы орнықты, яғни, өз ойын заңға сәйкес, айта алатын, көкірегі ояу, өркениетті қоғам орнығуда. Халқымыздың мүлде жаңа саяси болмысы қалыптасты. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы қоғамымыздың санасезімінің ажырамас бөлігіне айналып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізілген реформалар экономика саласында да өз жемісін беріп жатқанын атап өтті. Қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес екенін айта келе, әлемдегі геосаяси, геоэкономикалық ахуал шиеленісе түскеніне тоқталды.

– Жаһандық қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Алпауыт елдердің текетіресі ушығып, кейбір аймақта қарулы қақтығыстар өршіп барады. Әлемдік аренада күрделі, бізге беймәлім, терең түсінуді қажет ететін үдерістер орын алуда. Негізінде, халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар араласып кетті. Күштінің құқы дәріптеле бастады. Ғаламдық цифрлық трансформация бүкіл адамзатқа бұрынсоңды болмаған қиындықтар әкеледі.

Әлем жаңа дәуірге қадам басты. Мұнда жасанды интеллект технологиялары мемлекеттің табысты дамуының басты факторына айналады. Алдағы іргелі өзгерістердің ауқымын білген жөн. Өркениет көшінен қалмау үшін инновацияны барлық салаға қарқынды түрде енгізу қажет. Мемлекет басшысы ретінде осы іске баса мән беремін. Жасанды интеллектінің кеңінен таралуы кез келген мамандыққа, соның ішінде сіздердің кәсіптеріңізге де мүлдем жаңа талаптар қояды. Көптеген сарапшылар келешекте адам еңбегін алгоритмдер алмастыратынын айтып жүр. Алайда, бұл өзгерістер журналистиканың жаңа мүмкіндіктерін, шын мәнінде екінші тынысын ашуы әбден мүмкін. Қазірдің өзінде жаңа нейрожелілер сұранысқа ие бірегей контент өндіру үшін қажет ақпаратты іздеп, талдай алатын пайдалы құралға айналды. Отандық журналистер әрдайым шығармашыл, жаңашыл әрі дамуға құштар. Сіздердің жаңа технология мүмкіндіктерін толығымен пайдаланатындарыңызға сенімдімін. Бүгінде елімізде медиасаланың, соның ішінде блогосфераның қанат жаюына барлық жағдай жасалған. Оқиға ортасынан шынайы ақпарат таратуда өздеріңізге мол жауапкершілік жүктелген. Мұны сезіне білу өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, алмағайып, бұлыңғыр заманда, ең алдымен, ел бірлігін сақтап, басты байлығымыз – тұрақтылық пен тыныштықты бағалау қажет.

– Осы орайда, журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару. Бір ауыз сөз араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан сөз құдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте, сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені, өзім көп оқимын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен таныспын. Қазір журналистеріміз түрлі салада жұмыс істеп жүр. Қаламгер әрі қайраткер азаматтарымыз аз емес. Ақпарат саласының өкілдері Парламент пен мәслихаттарда табысты еңбек етуде. Сондай-ақ жергілікті және орталық атқару органдарында қызмет етіп жүрген азаматтар бар. Бұл журналистің бесаспап мамандық иесі екенін анық көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрге сай журналистерге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, Алғысын жариялады. Сонымен қатар, медиа саласының өкілдерін мемлекеттік наградамен марапаттады.

Президенттің қолынан награда алғандардың қатарында жерлесіміз, Жамбыл облысының тумасы, қарымды қаламгер Бекет Момынқұл да бар. Ол журналистика саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды. Ұзақ жылдар бойы ақпарат айдынында абыройлы еңбек етіп келе жатқан, кезінде Жамбыл облыстық «Знамя труда» газетін, облыстық «JAMBYL» телеарнасын абыроймен басқарған Бекет Момынқұл – шынайы кәсібиліктің, азаматтық ұстаным мен қаламгерлік адалдықтың үлгісі. Ол бүгінде Тараз қаласындағы Бауыржантану ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері ретінде ұлт қаһарманы Бауыржан Момышұлының мұраларын жинап, зерттеп, жарыққа шығару жолында қажырлы еңбек етіп жүр.

Әріптесімізді лайықты наградасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қ. САБЫРҰЛЫ.
Жамбыл облысы.

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

«САЛЫҚ ТӘРТІБІ» – СПАРТАКИАДА ЖҮЛДЕГЕРІ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында Тараз қаласындағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы «Тараз-Арена» спорт кешенінде өңірлік журналистер арасында Шерхан Мұртаза атындағы дәстүрлі облыстық спартакиада өтті.

Аталған іс-шараға облыстық телеарналар, газеттер, ақпараттық порталдар мен баспасөз қызметтерінің өкілдері қатысып, спорттың алты түрінен өзара мықтыны анықтады.

Спорттық бәсекенің ашылуында облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов сөз сөйлеп, ақпарат саласы мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтады. Ол бұл іс-шараның игі дәстүрге айналғанын, журналистиканың ел мен билік арасындағы «алтын көпір» ретіндегі маңызын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, журналистерге өңір басшылығы тарапынан әрдайым қолдау болатынын жеткізді.

Спартакиаданы ұйымдастыруға мұрындық болған ҚР Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Жаңабай Миллионов пен спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы Тәуірбек Қарауылтегі де тілшілер қауымын мерекемен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Тартысты өткен командалық эстафетада бірінші орынды «Taraz Press» командасы иеленді. Екінші орын «Jambyl TV» ұжымына, ал үшінші орын Шу ауданының командасына бұйырды. Арқан тарту жарысында Полиция департаментінің (ПД) баспасөз қызметі қарсылас шақ келтірмей, топ жарды. Екінші орын – Шу ауданының командасында, үшінші орын – «Jambyl TV»-ге тиесілі болды. Волейбол бәсекесінде де ПД құрамасы финалға дейін жетіп, екінші орынды қанағат тұтты. Ал, бірінші орын біздің «Салық тәртібі» командасына бұйырса, үшінші орынды «Taraz Press» иеленді.

Жекелей сайыстар да қызықты әрі тартысты өтті. Үстел теннисі, қол күрес пен дойбы ойындарында ерлер мен әйелдер арасында үздіктер анықталып, жеңімпаздарға жүлделер табысталды.

Үстел теннисінен ерлер арасында Әбіш Нұрберген (Шу ауданы) бірінші орын алса, әйелдер арасында Гүлдана Ализа (ПД) үздік шықты. Қол күресте Мұхаммед Әуезов (ПД) және Айнұр Балтабаева («Taraz Press») чемпион атанды. Дойбы жарысында Нұрболат Әлдибеков («Taraz Press») пен Ботагөз Темірбаева (ПД) қарсылас шақ келтірмеді.

Жарыс қорытындысында жалпыкомандалық есеп бойынша облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі үздік атанып, бірінші орынға көтерілді. Екінші орынды «Салық тәртібі» командасы иеленсе, «Taraz Press» үздік үштікті түйіндеді. Спартакиада соңында жеңімпаздарға арнайы дипломдар, естелік сертификаттар және қаржылай сыйлықтар табыс етілді.

Дода журналистердің бірлігі мен рухын күшейтіп, саламатты өмір салтын насихаттауға тың серпін берді.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Жамбыл облысы.

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

БИЫЛ ЕЛІМІЗДЕ ТОҒЫЗ ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп қарқын алуда. Соңғы бес жылда сала 40-тан астам жобаны жүзеге асырып, 3 мыңнан астам жұмыс орнын толықтырды. Биыл 600-ге жуық жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 9 жаңа инвестициялық жоба іске қосылатын болады.

Бүгінде елімізде 1400-ден астам жеңіл өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді, оның жартысынан астамы киім тігушілер. Атап айтқанда, 803 — тігін өндірісі, 481 — тоқыма өнеркәсібі, 122 — тері және ілеспе бұйымдар шығаратын кәсіпорын.

Мемлекет бизнеске қолдау көрсетуді арттыруда. 2024 жылдың мамыр айынан бастап, кәсіпкерлердің жабдықты сатып алуға кеткен шығындарының 40 пайызға дейіні мемлекет тарапынан өтеледі. Ол жылына 60 миллион теңгеге тарта қаражатты құрайды.

Одан бөлек, сала жылына 3 пайызбен жеңілдетілген қаржыландыруға қол жеткізіп, 9 арнайы экономикалық аймақтағы басым бағыттардың тізіміне енді. Отандық тауар өндірушілерді қорғау үшін 1100-ден астам тауар түрлерін мемлекеттік сатып алудағы ұлттық режимнен екі жылға босату қарастырылған.

Мемлекет жергілікті өндіріске үміт артып, «Қазақстанда жасалған» өнімдерді тігіп, тоқып, өнім шығаратындарға көмектесуге дайын.

ҚР ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ.

ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕҚДБ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Шетелдік инвесторлар кеңесінің 37-ші пленарлық отырысына қатысу үшін Астанаға келген Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) президенті Одиль Рено-Бассомен кездесу өткізді.

Онда көлік инфрақұрылымын, «жасыл» энергетиканы, ШОБ, ауылшаруашылығын, ақпараттық технологияларды және басқа да салаларды дамыту жөніндегі ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық экономиканы дамытуға және инфрақұрылымды жаңғыртуға белсенді қатысатын «Еуропалық қайта құру және даму банкінің» рөліне ерекше назар аударуда. Біз сіздермен көптеген бағыт бойынша тығыз ынтымақтастықтамыз және өзара іс-қимылдың стратегиялық сипатын жоғары бағалаймыз. Біздің назарымыз сапалы өсуді арттыру және халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін экономикалық дамуды трансформациялауға бағытталған. Өткен жылдың өзінде біз Сіздермен келешегі зор салаларда рекордтық сомасы 935 миллион доллар болатын 25 жаңа жобаға қол қойдық. Қазақстан Үкіметі «Еуропалық қайта құру және даму банкімен» өзара мүдделі мәселелердің кең ауқымы бойынша әріптестікті тереңдетуге дайын екенін білдіреді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Өткен жылы ЕҚДБ Қазақстан экономикасына жылдық инвестиция көлемін 3 еседен астамға ұлғайтты. Тараптар 25 жобаға, оның ішінде Ақтөбеде жаңа тазарту құрылыстары мен ілеспе инфрақұрылым салу, Көкшетауда 630 төсек-орындық көпсалалы аурухана салу жөніндегі алғашқы ірі МЖӘ жобасы және басқа жобаларға қол қойды. Отандық қаржы институттары арқылы несие желілеріне кеңес беру және ұсыну арқылы шағын және орта бизнесті қолдауға баса назар аударылды. Жалпы алғанда, ағымдағы портфелде құны 3,2 миллиард доллардан асатын 129 белсенді жоба бар, оның 75 пайызы орнықты инфрақұрылым секторына тиесілі. Бірлескен жұмыс кезеңінде пул 11,6 миллиард доллар сомасына 340 жобаны құрады.

Кездесу барысында электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру және елорданың электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысын қамтамасыз ету үшін Астана қаласында қосалқы станса салу жобасы қаралды. Сондай-ақ әділ энергетикалық ауысу (Just Energy Transition Partnership) бойынша Қазақстанда елдік платформасын бірлесіп, әзірлеуге назар аударылды. «JETP» платформасы энергетика саласына «жасыл» инвестицияларды тартудың маңызды құралы болады.

«Еуропалық қайта құру және даму банкінің» президенті Одиль Рено-Бассо өткен жылы инвестиция көлемінің рекордтық өскенін атап өтіп, Қазақстанмен ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге және орнықты экономика саласындағы жобаларды бірлесіп, жүзеге асыруға мүдделі екенін атап өтті. ЕҚДБ 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспары шеңберінде жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетеді.

Кездесу шеңберінде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен ЕҚДБ арасында ұзындығы «Ақтөбе – Ұлғайсын» автомобиль жолының 234 шақырым учаскесін реконструкциялауды қаржыландыру бойынша келісімге қол қойылды. Жол 4 жолақты қозғалысы бар бірінші техникалық санатта болады. Жоба көлік байланысын дамыту және Қазақстан аумағы арқылы транзиттік ағынды қамтамасыз ету үшін маңызды саналады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

БИЫЛ ЖАЗДА 200 МЫҢДАЙ ОҚУШЫ ДЕМАЛЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Жамбыл облысында 2025 жылғы жазғы демалыс маусымында 1–10 сыныптағы 217757 оқушының 193071-ін (88,6 пайыз) жазғы сауықтыру және бос уақытты тиімді өткізу шараларымен қамту жоспарланған. Бұл туралы білім басқармасының басшысы Нұрбек Оршыбеков хабарлады.

Балалардың тынығуын ұйымдастыру үшін әртүрлі лагерь түрлері қарастырылған. Қала сыртындағы лагерьлерге – 7673, мектеп жанындағы лагерьлерге – 33607, мектеп алаңдарына – 147271, киіз үй және шатырлы лагерьлерге – 3505, республикалық лагерьлерге 315 оқушы қабылданады. Сонымен қатар 700 бала ата-аналар мен кәсіподақтар есебінен демалуға жіберіледі.

Облыстағы 12 қала сыртындағы лагерьдің жетеуі биыл жұмысын бастады. Оның ішінде жыл бойы қызмет көрсететін «Мөлдір бұлақ» оқу-сауықтыру орталығы мен маусымдық мемлекеттік және жекеменшік лагерьлер бар. Мұнда әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы балаларға басымдық берілген.

Маусымнан бастап, 407 мектеп жанындағы лагерь ашылып, 33607 оқушыны қамтыды.

Сондай-ақ білім жетістіктерімен ерекшеленген 793 оқушы «Қазақстан халқы» қорының қолдауымен қала сыртындағы лагерьлерде демалуда. Бұдан бөлек, 295 оқушы «Балдәурен» орталығында, 20 оқушы «Бөбек» сауықтыру орталығында жазғы демалысын тиімді өткізуде.

Балалар үшін облыс аумағындағы тарихи-мәдени нысандарға 21 мыңнан астам экскурсия ұйымдастырылды.

Қауіпсіздікке ерекше назар аударылып, ведомствоаралық жоспар аясында лагерьлерде жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

– Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру – тек уақытты тиімді өткізу ғана емес, олардың денсаулығын нығайтып, жаңа білім мен тәжірибе алуына, қауіпсіз ортада тұлғалық дамуына жағдай жасауға бағытталған маңызды жұмыс, – деді облыстық білім басқармасының басшысы. – Бұл мәселе облыс басшылығы мен сала мамандарының тұрақты назарында. Жазғы уақыт – балалар үшін тек тынығу емес, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын мезгіл. Сондықтан оларға мазмұнды әрі қауіпсіз демалыс ұйымдастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АССАМБЛЕЯ

БІРЛІК ПЕН ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ 30 ЖЫЛ

Тарих таразысымен өлшенер тағылымды отыз жыл уақыттың еншісіндегі сан ғана емес, ел бірлігінің шынайы шежіресі десек те болады. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы сан қырлы мәдениеттер мен түрлі тілдердің үнін үйлестіріп, ортақ мүдде мен ұлттық тұтастыққа бастайтын бірегей құрылымға айналып үлгерді.

Шымкент қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік пен даму жолындағы 30 жыл» атты VI сессиясы өтті. Ұлтаралық татулықты ұлықтаған ұйымның үш онжылдықтағы рухани, әлеуметтік, мәдени миссиясы тереңнен сөз болған жиынға Шымкент қаласының әкімі, қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Ғабит Сыздықбеков арнайы қатысты. Рухани сабақтастықты жаңғыртқан, сан алуан пікір мен ортақ мақсат тоғысқан мазмұнды алаңда мемлекеттік саясаттың тірегі саналатын этносаралық келісім мәселелері тереңнен талданып, түрлі этностардың ел бірлігіне қосқан үлесі сараланды.

Сессия жұмысына қалалық мәслихат төрағасы мен депутаттары, аудан әкімдері, басқарма басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен мүшелері, діни конфессиялар, қоғамдық кеңес мүшелері қатысты. Жиын барысында бірлік пен татулықты нығайтуға бағытталған мазмұнды баяндамалар тыңдалып, этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты арттыру мәселелері кеңінен сөз болды.

Сессия шешімімен қалалық ҚХА төрағасының қоғамдық орынбасарлары ретінде Юрий Пан мен Тахирбек Нишанбаев ұсынылды. Бұл шешім Ассамблея жұмысын одан әрі тиімді үйлестіруге ықпал етеріне жиынға қатысқандар да үлкен сенім артты.

Сессия модераторы, қала әкімінің орынбасары, қалалық ҚХА төрағасының орынбасары Сәрсен Құранбек «Еліміз үшін ішкі бірлік пен берекелі ынтымақ – ең басты құндылықтардың бірі» екенін еске салды. Қазақстанда азаматтарды ұлтына, тіліне немесе нәсіліне қарап кемсітуге жол берілмейді. Ал, бұл жүйелі жүргізілген мемлекеттік саясаттың нәтижесі ғана емес, бүгінде жалпыұлттық бірлік еліміздің басты тұғырына айналғанын жеткізіп, алғашқы сөзді шаһар басшысына берді.

Ғабит Сыздықбековтің сөзінше, алқалы басқосу өткенді саралап, болашаққа жоспар құруға бағытталған. Өйткені, жиын Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық сессиясында жүктелген міндеттердің жергілікті деңгейде жүзеге асырылу барысын талқылауға арналған.

«Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында Мемлекет басшысы еліміздің ғылымын, рухани өрісін дамыту, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту мәселелеріне айрықша назар аударды. Президентіміз өз сөзінде Ассамблея мүшелерінің, қоғам белсенділерінің еңбегін жоғары бағалап, олардың елдік мүдде жолындағы табанды жұмысына алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы елімізде орныққан этносаралық татулық пен конфессияаралық келісімнің, бейбіт өмір мен тұрақтылықтың берік кепілі ретінде Ассамблея институтының ерекше рөлін атап өтті. Президентіміз бұл құрылымның соңғы отыз жыл ішінде түрлі этнос өкілдерін ортақ мақсатқа жұмылдырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолында сүбелі үлес қосқанын ерекше бағалады», деді ол. Бұдан соң қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы мұны мемлекет тарапынан Ассамблея жұмысына берілген үлкен баға деп түсіндірді. Бұл жолғы сессияда алдағы кезеңге қойылатын нақты міндеттер айқындалып отырғанын атап өтті. Соның ішінде, өңірлік деңгейдегі жұмысты жандандыру, этномәдени бірлестіктерді туристік бағыттар картасына енгізу, этномедиация бағытына басымдық беру, мемлекеттік этносаясат аясындағы жұмыстарды ақпараттық кеңістікте жүйелі түрде жариялап отыру, театр, өнер, мәдени алаңдар арқылы қоғамдық келісімді насихаттау мен Ассамблеяның жобаларын кеңінен ілгерілету міндеті тұр. Осы міндеттерді тек Ассамблея ғана емес, қалалық басқармалар, аудан әкімдіктері, жоғары оқу орындары, жастар ұйымдары мен азаматтық қоғам институттары да бірлесе атқаруға тиістігін айтқан қала әкімі «Бұл – уақыт талабы. Бүгінгі жиында сондай-ақ этносаралық қарым-қатынас саласында атқарылған жұмыстарға шолу жасалып, болашақ жоспарлар нақтыланады», деді.

Сонымен қатар, алқалы жиында қалалық Ассамблея мүшелері тұрақтылықтың кілті татулықта екенін жеткізіп, бірлікті нығайтудағы өз тәжірибелерімен бөлісті. Алғашқы болып баяндама жасаған Шымкент қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Досыбай Шерімқұлов жергілікті Ассамблея мүшелері ел көлемінде бастау алған ауқымды жобалар мен бастамаларға қолдау көрсетіп, оларды іске асыруға әрдайым дайын екенін тілге тиек етті. Бүгінгі жеткен жетістігіміз – халқымыздың ынтымағы мен бірлігінің, түрлі этнос өкілдерінің тату тіршілігінің нәтижесі. Осылай деген ол «Біз осының арқасында бүкіл әлемге танылған, абыройлы мемлекетке айналдық. Халық даналығында айтылған «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген терең мәнді сөз – бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Береке мен бірлік болмаса, ел іргесі сөгілерін, шаңырақ шайқаларын бабаларымыз жақсы түсінген» деді. Оның айтуынша, бір ғана Шымкент қаласында 130-дан астам этнос өкілдері өмір сүріп жатыр. Қалада 16 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Олар бір шаңырақ астында бір мақсат жолында қызмет етіп келеді. Дегенмен, ол тек жетістіктерімізді айтып қана қоймай, әлі де болса қоғамда кездесетін кемшіліктерді түзетуге, кемсітушілікке жол бермеуге, ұлттар арасындағы татулық пен сенімді сақтауға күш салу қажеттігін алға тартты.

«Қазір қалада қолға алынған жобалар мен істер аз емес. Президентіміздің өзі Шымкенттің дамуына жоғары баға беріп кетті. Бұл әкімдіктің, барлық басқарма мен мекеме қызметкерлерінің және тұрғындардың ортақ еңбегі. Алайда, шешімін күткен мәселелер де жоқ емес. Жаңа жұмыс орындарын ашу, құқықтық тәртіпті күшейту, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларында да жүйелі жұмыстар қажет. Бұл бағытта қала әкімдігінің нақты жоспарлары бар екеніне сенімдімін. Сын айтушылар да табылады. Кейде атқарылған игі істерге көз жұма қарап, барды жоққа шығаратындар кездеседі. Қазақта «Көргісі келмегенге күн де қараңғы» деген сөз бар. Сондықтан біз жақсы істерге әділ баға беріп, оларды қолдауға тиіспіз. Тек осылай бірлесе әрекет еткенде ғана елімізді өрге бастыра аламыз», дейді Досыбай Шерімқұлов.

Кез келген елдің дамуында жұмысшы мамандықтардың орны орасан зор. Президент сөзімен айтсақ, жұмысшы мамандықтарды дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор әрі нағыз маман болу идеясын насихаттай аламыз. Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжінің директоры Гүлмира Тағаева осылай деді. Оның сөзінше, елімізде 20 өңірлік және 13 салалық жоспар әзірленген. Шымкент қаласында да бұл бастамаға айрықша мән беріліп, жұмысшы мамандықтарды дамытуға бағытталған өңірлік жоспар жасалды. Бұл алты негізгі бағыт пен алпыс іс-шарадан тұрады. Қазір осы жоспар шеңберіндегі жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асып, ақпарат құралдарында кеңінен жарияланып келеді. Арнайы медиа-жоспар да бекітілген. Бүгінде қалада техникалық және кәсіптік білім беретін 39 колледж жұмыс істейді екен. Оқу орындарында 95 мамандықта 49780 студент білім алады. Айталық, 2024–2025 оқу жылында жұмысшы мамандықтарға бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы 11500 грантты құраса, соның алты мыңы республикалық бюджеттен, 5570-і жергілікті бюджет есебінен бөлінген. Гранттардың 70 пайызға жуығы өңірдегі өндірістік кәсіпорындардың сұранысына сәйкес, жұмысшы мамандықтарға бағытталған екен. Соның ішінде Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі – Оңтүстік өңірінде жеңіл өнеркәсіп саласына маман даярлайтын жетекші оқу орындарының бірі. Өңірдегі ашылып жатқан аяқ киім фабрикаларына қажетті маман тапшылығын ескере отырып, колледж базасында қазір аяқ киім өндірісі мамандығы ашылған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Медиация туралы» Заңға қол қойып, оны құқықтық жүйеге енгізу арқылы елімізде дауларды сотқа дейін шешудің өркениетті әрі тиімді тетігін қалыптастыруға зор үлес қосты. «Билік айтқанның бәрі би емес, бітімге келген би» деген аталы сөзде айтылғандай, медиация институтының қазіргі қоғамдағы маңызына тоқталған Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі аударалық сотының судьясы, Ассамблея жанындағы Этномедиация кеңесінің мүшесі Еркен Отарбаев даушарды бейбіт жолмен шешу – өркениетті қоғамның көрінісі екенін жеткізді. «Дау қуған елдің аты мәшһүр, жау қуған елдің туы мәшһүр» демекші, өркениетті қоғамның басты шарты заңның үстемдігі мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуында болып отыр. Оның айтуынша, бүгінде медиация, соның ішінде этномедиация этносаралық келіспеушіліктерді реттейтін ерекше бағыт ретінде кең қанат жайып келеді. Дамыған елдерде бұл тәжірибе бұрыннан бар. Шымкентте де осы бағытта жүйелі жұмыстар басталып кеткен.

«2023 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан Этномедиация орталығы құрылды. Бұл орталық этносаралық қақтығыстардың алдын алу, оларды бейбіт түрде шешу және кәсіби этномедиаторлар дайындау ісінде үлкен рөл атқарып отыр. Этномедиация саласында тәжірибелі мамандарды дайындау, оларға қажетті білім мен құзыреттер беру – ортақ міндетіміз. Осы бағытта біз Шымкент қаласы әкімдігімен бірлесе отырып, меморандумға қол қойып, бірнеше жобаны іске асырып отырмыз», деді ол. Сөзіне сенсек, Шымкент қаласында қазір медиация көрсеткіші 54,2 пайызға жетіп отыр. Бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Қазір Құқық қорғау және татуласу орталығымен бірлесіп, екі ай ішінде 74 адамның арасындағы дауға бітімгершілікпен нүкте қойылған. Бұл өз кезегінде халықтың медиацияға деген сенімінің артып келе жатқанын көрсетсе керек. Сондай-ақ, қоғамдық медиаторларды арнайы оқытып, сертификаттар табыстау дәстүрі де қатар қолға алынған. Олардың кәсіби деңгейін арттыру саладағы жұмыс сапасын арттырудың басты тетігі екенін тілге тиек ете келіп: «Барлық медиаторларды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жұмыстарын жүйелеп, медиацияны оқытатын мамандардың даярлығына ерекше көңіл бөлу қажет. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру академиясының филиалдарына медиация курстарын енгізу маңызды» деді Еркен Отарбаев.

Сонымен қатар, Шымкент қалалық корей этномәдени бірлестігінің мүшесі, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Елена Ли өзінің патриот жастар қатарынан көрініп жүргенін мақтанышпен еске салды. Өзі корей этносының өкілі болса да кейін жергілікті халықтың тілін меңгеріп қана қоймай, қазір мемлекеттік тілді дәріптеп, өзгелерге үйретуде аянбай еңбек етіп келеді екен.

Мәселен, қазір ол қазақ тілін үйренуге арналған стартап жобаларымен айналысып жүр. Ынталы этнос өкілдеріне арналған электронды бағдарламалар арқылы қазақ тілін үйретіп, осы күні бастауыш сынып оқушыларына арналған екі жүзден астам бейнесабақ жазып үлгерген. «Тіл – халықты біріктіретін ең басты фактор. Ал, мемлекеттік тілді меңгеру елдің тарихы мен мәдениетіне деген құрметтің көрінісі. Бейбітшілік, достық, татулық сияқты құндылықтар – біздің басты байлығымыз», деді ол. Сондай-ақ жастар атынан сөз алған Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің студенті, «Бірлік» жастар ұйымының төрайымы Нурхаят Байрамова бірлік пен алуандықты үйлестіру жолында жастар да білек сыбана іске кірісіп келе жатқанын айтты. Оның айтуынша, 2022 жылы Шымкент қаласында Ассамблея жастар ұйымының негізі қаланды. Бұл ұйым қысқа уақыт ішінде қаладағы жоғары оқу орындары мен колледждердегі жастар ұйымдары мен достық клубтарын біріктірген кең ауқымды алаңға айналған. Қазір бұл ұйымның белсенді мүшелері мемлекеттік этносаясат аясындағы маңызды жобалардың бел ортасында жүр. Мәселен, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай оқу орындарында форумдар, «дөңгелек үстелдер», конференциялар мен семинарлар ұйымдастырылды. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жастар қаланы абаттандыру, ағаш отырғызу, қоршаған ортаны қорғау жұмыстарына белсене қатысып келеді. Бұдан бөлек, «Жүректен Жүрекке», «Жомарт жан» атты қайырымдылық жобалары мен «30 игі іс» акциясы аясында жастар түрлі әлеуметтік топтарға көмек көрсетіп жатыр.

Қала әкімінің орынбасары Сәрсен Абайұлы Ассамблея мүшелері қайырымдылық іс-шараларына, этномедиацияны дамыту мен қоғамдық келісімді нығайтуға да белсенді араласып жүргенін мақтанышпен жеткізді. «Бұл бағыттағы қызмет ұлтаралық өзара түсіністік пен сенімді қалыптастырудағы маңызды рөлін атқарып отырғаны қуантады» деді ол. Алдағы уақытта да қалалық сессия барысында айтылған этносаясат аясындағы басым бағыттар мен нақты ұсыныстарынан арнайы жұмыс жоспары әзірленіп, оның сапалы әрі нәтижелі орындалуына күш салу міндеті айқындалатынын айтып отыр.

Сессияны қорытындылаған шаһар басшысы «Қай салада болмасын, қала тұрғындарының еңбегі мен талпынысы осы бірліктің айналасында тоғысады. Бізді біріктіретін де осы ортақ мақсат. Еліміздің әр өңірінде, әр салада бірлік пен ынтымақ үстемдік құрған жағдайда ғана біз алға жылжимыз, дамимыз. Бұл – менің өмірлік көзқарасым. Шымкент қаласының соңғы жылдардағы тұрақты дамуы мен жетістіктері де осы бірліктің, осы ауызбіршіліктің нақты нәтижесі», деді Ғабит Әбдімәжитұлы.

Сондай-ақ сессия жұмысының қалалық ҚХА төрағасының қоғамдық орынбасары Юрий Пан «отыз жылда қол жеткізген жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды» деді. Сондықтан ол елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру жолында белсенділік танытуға дайын екенін жеткізді. Қоғамдық орынбасар, қалалық өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Тахирбек Нишанбаев мемлекет елдегі этномәдени бірлестіктердің жұмысына әрқашан қолдау білдіріп келе жатқанына алғысын білдірді. Соның арқасында қалада 30-дан астам мектепте өзбек тілінде білім беріліп, өзбек драма театры жұмыс істеп тұр. «Осы мүмкіндіктерге ие бола отырып, біз мемлекеттік тілді меңгеруге міндеттіміз», деді ол.

Шымкентте өткен сессия алтын арқауды жалғаған, қоғамдық келісім мен мәдени әралуандылықты сақтауға деген ортақ ықыластың айғағын көрсетті. Ел ішіндегі ынтымақ пен тұрақтылық – тек мемлекет мүддесі ғана емес, әр азаматтың жүрек түкпіріндегі ұлы мұрат. Ассамблеяның басты миссиясы да сол жүректерді жақындастырып, сананы бір арнаға тоғыстыру болып отыр. Ендеше құрылымның келешегі де кемел, миссиясы мәңгілік.

Ж. МҮСІЛІМ.
Шымкент қаласы.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ЖАҢА ЗАУЫТ АГРОХИМИКАТТАР ӨНДІРЕДІ

2025 жылдың мамыр айында Ақтөбе қаласының индустриялық аймағында тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіретін «Ecosystem» зауытының құрылысы аяқталды. Бұл жобаны «MKR PLUS» ЖШС жүзеге асырды. Жоғары технологиялылығымен ерекшеленетін инвестициялық жоба өңірдің агроөнеркәсіптік секторы үшін маңызды болып табылады.

Жобаның жалпы инвестиция көлемі – 564,6 миллион теңге. Құрылыс кезеңінде 50 жұмыс орны құрылып, штатқа тұрақты 30 қызметкер қабылданды. Зауыттың жылдық өндірістік қуаты – 500 текше метр гербицид, 1500 текше метр сұйық тыңайтқыш және 50 текше метр қосалқы өнімдер.

Ақтөбе қаласының Индустриялық аймағында жүзеге асқан бұл жобаның ерекшелігі–кешенді құрылымында: бір аумақта дайын өнім қоймасы мен заманауи өндірістік цех орналасқан. Барлық нысандар техникалық төлқұжаттарын алып, ресми түрде пайдалануға берілді.

Қазіргі уақытта зауытқа кіреберіс жолдың құрылысы жалғасуда. Жақын арада соңғы кезең – аумақты абаттандыру, асфальттау және көгалдандыру жұмыстары басталады.

Мұндай кәсіпорынның ашылуы импорттық өнімдерге тәуелділікті азайтып, фермерлерді сапалы отандық агрохимикаттармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоба өңірдің индустриялық даму стратегиясының бір бөлігіне айналды.

А. МӘЛІККҚЫЗЫ.
Ақтөбе облысы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

АҰЫЛДАСТАРЫН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫП ОТЫР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында қордаланған мәселелерге тоқтала келе, еліміздің дамуында маңызды рөл атқаратын ауылшаруашылығы саласын дамытпай, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосыла алмайтындығымызды атап өткен болатын. Осы саланы дамытуға үлес қосып жүргендердің бірі Қордай ауданындағы Ауқатты ауылының тұрғыны Чингиз Кипчакбаев.

Чингиз Қордай ауданы, Ауқатты ауылында дүниеге келген. 1987 жылы ауылдық орта мектепті аяқтаған кейіпкеріміз, 1988-1990 жылдар аралығында Кеңес одағы тұсында Мәскеу қаласына аттанып, Отан алдындағы борышын атқарып келді. Еңбек жолын 1993 жылы колхоздың жүргізушісі болып бастап, 2004 жылға дейін «Газ-53» жүк көлігін тізгіндеді.

«2004 жылы «Бірлік» шаруа қожалығын құрдым. Жалпы, егін шаруашылығымен айналысып келе жатқанима 20 жылдан астам уақыт болды. Осы жылдар аралығында көптеген қиындықтарды да бастан кешірдік. Өнімді жақсы алған кездеріміз де болды. Егіннің шығымдылығы жердің құнары мен ауарайының жаңбырлы болуына байланысты. Биыл 150 гектар аумаққа – арпа, 50 гектар алқапқа жоңышқа септік», дейді шаруагер.

«Жер Ана мәпелесең – жомарт» дегендей, ерте көктемнен басталатын тірлік қара күзге дейін жалғасады. Шаруа қожалығының жұмысына Чингиз аға өзі бас-көз болып отыр. Диқаншылыққа бет бұрған қожалықтың жұмысшылары түрлі ауылшаруашылығы техникаларын тізгіндеп, маусымдық жұмыспен қамтылған.

«Ауылшаруашылығымен айналысу ата кәсіп десем де болады. Оның үстіне ауылда тұрғандықтан жерге егін салу негізгі кәсібіме айналды. Қазір қожалықтың арқасында ауыл азаматтарын жұмыспен қамтып отырмын», деп сөзін түйіндеді ол.

Аудандық ауылшаруашылығы бөлімі басшысының мәліметінше, 2025 жылдың 1 мамырына дейін ауылшаруашылығы өнімінің жалпы көлемі – 7544 миллион теңге болған. Аудан бойынша ағымдағы жылы аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің мәліметі бойынша егістік жер көлемі 137787 гектарды құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда 386 гектарға артқан.

Ә. ҚҰТТЫБАЙ.
Жамбыл облысы.

ТУРИЗМ

ЖАҢА ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУДА

Абай ауданы туризм саласында өсу нүктесіне айналуда. Мемлекет инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасап, кәсіпкерлер Шерубай-Нұра су қоймасының жағалауында жаңа демалыс жобаларын іске асыруда. Қазір Топар кенті мен маңында 30-дан астам демалыс аймағы жұмыс істейді. Қонақүйлер, бассейндер, балалар алаңдары мен жаз-да – катамаран, су мотоциклдері, ал қыста – қар көлігі, балық аулау мен монша сынды қызметтер ұсынылады.

Өткен жылы өңірге 30 мыңнан астам турист келген. Сұранысқа байланысты жаңа кешендер салынып, инфрақұрылым жаңартылуда. Биыл 11 шақырым жол жөнделіп, жағалауға электр желілері тарту жоспарланған. Жергілікті билік туризмді қолдап, жыл бойы жайлы демалуға барлық жағдай жасауда.

– Туристер ағыны үнемі өсіп келеді, тек өткен жазда демалушылар саны 30 мыңнан асты. Сұраныстың артуына байланысты туристік инфрақұрылымға инвестициялар артуда, – деп атап өтті Абай ауданы кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Дарижан Мырзахметова.

Коттеджде, қонақ үй, мейрамхана және монша кешені бар жаңа демалыс аймағын салу бойынша ауқымды жоба іске асырылуда. Тағы екі заманауи аймақтың жобалары әзірленуде және қолданыстағы нысандар кеңейтілуде.

Туризмнің дамуына жергілікті биліктің қолдауы да ықпал етеді. Маңызды қадам – инфрақұрылымды жақсарту. Ең алдымен бұл – жол, биыл 11 шақырым жол жөнделеді. Жағалауда электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы жоспарланған, қазір жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Бұл жерге туристердің жайлы жетуін жеңілдету, жазда және қыста жайлы демалуы үшін барлық жағдай жасалуда.

А. РАХЫМҚҰЛОВА.
Қарағанды облысы.

ӨНДІРІС

НАРЫҚТЫ САПАЛЫ ӨНІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ

Күнделікті өмірде, өндіріс орындарында, медицина саласында химиялық өнімдер жиі пайдаланылады. Әсіресе, дезинфекциялық құралдарды көптеп қолданады. Осындай өнім түрлерінің бір парасы облыс орталығындағы «БО-НА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кәсіпорнында дайындалады. Бұл кәсіпорында шығарылған химиялық тауарлар еліміздің барлық өңіріне жеткізіледі.

Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы аумағында химиялық өнімдерді шығарумен айналысатын «БО-НА» ЖШС іске қосылды. Сол уақыттан бері мұнда дезинфекциялық өнімдердің түр-түрі шығарылады. Әсіресе, пандемия уақытында аталмыш кәсіпорын тауарларына сұраныс бірден артты. Бүгінгі таңда да химиялық өндіріс орны отандық нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етіп отыр. Ал, бұл өндірістік желінің барлығын білікті әрі тәжірибелі маман Борис Шаров қадағалайды.

Борис Александрович – Ресей елінің тумасы. 1971 жылы Ярославль қаласындағы техникалық институтты тәмамдаған соң, жолдамамен Славгород қаласында еңбек жолын бастады. Мұндағы мекемеде 15 жыл жұмыс істеп, өз ісін мықты меңгерген маман ретінде көзге түсіп, сол тұстағы Кеңес Одағы коммунистік партиясы орталық комитетінің тікелей тапсырмасымен Павлодар қаласына қоныс аударып, облыс орталығындағы химиялық зауытқа жетекшілік етті. 1990 жылы КСРО мен АҚШ химиялық қаруды жою және оны одан әрі өндірмеу туралы өзара келісімге келді. Бұл өз кезегінде Павлодар қаласындағы химиялық зауыттың жабылуына әкеп соқты.

Ірі зауыт өз қызметін тоқтатқан соң, Борис Шаров облыстық әкімдікте, «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясында түрлі лауазымда еңбек етті. Ал, соңғы он жылдан астам уақыт аралығында «БО-НА» кәсіпорны директорының өндіріс бойынша орынбасары қызметін атқарып келеді.

Қауіпсіз ортаны қалыптастыруға бағыт алған кәсіпорында өнімнің түр-түрі шығарылады. Олардың қатарында концентраттар мен майлықтар, хлорлы дәрілер, теріге арналған антисептиктер, үстелге қоятын, қабырғаға ілетін санитайзерлер, автокөліктердің шынысын жууға арналған заттар бар.

— Біздің компания 10 жылдан астам уақыт аралығында отандық нарықты дезинфекциялық өнімдермен қамтып келеді. Менің басты міндетім – олардың құрамын реттеп, сапасын қадағалап, тұтынушыларға жақсы өнім ұсыну. Жыл сайын тауарлар тізбегін үш-төрт өніммен толықтыруға да мән береміз. Олар күнделікті тұрмыста, медицинада, өндірістік орындарда кеңінен қолданылады. Мәселен, ел көлеміндегі емдеу орындарына медициналық құралдарды өңдеуге арналған заттарды жеткіземіз. Осы сала қызметкерлері кей бактериялардың бір өнімге «бой үйретіп» алатынын айтып жатады. Сондықтан олардың құрамын да жаңартып отыруымыз керек. Ерекше атап өтерлігі, әр тауарды нарыққа жөнелтпес бұрын олардан сынамалар алып, адам денсаулығына кері әсері болмауын жіті қадағалаймыз. Біздің өнімдердің тиісті сертификаттары мен лицензиялары да бар,—дейді Б.Шаров.

Борис Александрович көп жыл жинаған білім-біліктілігін кейінгі буын әріптестерімен бөлісіп, оларға бар білерін үйретуді де жөн көреді. Қазіргі уақытта аталмыш кәсіпорында 75 адам жұмыс істейді. Орта және төменгі буындағы жұмысшылар тобы арнайы оқудан өтіп, олардың әрқайсысына білікті тәлімгерлер бекітіледі. Олар жас мамандарға бағыт-бағдар көрсетіп, тәжірибесімен бөліседі. Сөйтіп, үш ай аралығында өндірістің қыр-сырын түсінген соң ғана жекелей жұмыс істеуге рұқсат беріледі. Оған дейін тек тәлімгердің тікелей жетекшілігімен еңбек етеді.

Бұл ретте саланың тәжірибелі маманы химия өнеркәсібіне өз деңгейінде көңіл бөлінбей жатқанына қынжылыс білдірді. Айталық, аталмыш кәсіпорын шикізаттың бір бөлігін Ресей мен Қытайдан сатып алуға мәжбүр. Себебі, елімізде өнеркәсіптің бұл түріне қажет шикізаттар тапшы. Сол сияқты сары фосфорды өңдеу деңгейі төмен.

— Біздің ел сары фосфордың қоры бойынша әлемнің алдыңғы қатарлы бес мемлекетінің қатарына енеді. Алайда, мұндай мол көлемдегі шикізатты өңдеу ісі кемшін қалып жатыр. Қолымызда барымызды кәдеге жарата алмай отырғанымыз өкінішті. Салыстырмалы түрде қарасақ, кезінде АҚШ осы сары фосфордан 156 түрлі тауар дайындайтын. Ал, бізде бар-жоғы төрт түрі шығарылады. Егер химия өнеркәсібіне баса мән беріліп, әлеуетті пайдалануға, шикізаттан дайын өнім алуға көп көңіл бөлінсе, экономикалық жағдайымыз айтарлықтай жақсара түсер еді. Тағы бір «әттеген-ай»— химиялық бағыттағы ғылым қарқынды дамып жатқанымен, оның өндірісте іске асуы ақсап тұр. Жобалардың көбі тек ғылыми еңбек күйінде қалып отыр. Нағыз өндіріске етене енгізіліп, сәтті жүзеге асқан ғылыми жобалар аз. Бұл бағытты да жетілдіріп жіберсе, ұтылмаймыз деп ойлаймын, — дейді ол.

Түптеп келгенде, көп жылдық көргенбілгені, ойға түйгені бар білікті маман саланың болашағынан әлі де зор үміт күтеді. Ал, өзі қазіргі таңда қызмет ететін кәсіпорында шығарылатын химиялық өнімдердің сапасына ерекше мән береді. Алдағы уақытта осы салаға қызығушылық танытып, жаңа жобаларды іске асыратын жастардың қатары көп болса екен деген тілегін де білдірді.

Қ. ҚАБЫЛДЕНОВА.
Павлодар облысы.

ЖАС КӘСІПКЕР

ӘРІ ДЕНСАУЛЫҚ, ӘРІ ПАЙДА

Қазіргі таңда қыз-келіншектер өзара «ПП» деп атайтын дұрыс тамақтану тренді кең танымалдылыққа ие болуда. Денсаулыққа пайдалы азық-түлікке ғана көшу кез келген жанның ерік-жігерін, шыдамын қажет етеді. Бақыттың бастауы да, табыстың кілті де мықты денсаулық екенін бәріміз де білеміз. Дұрыс тамақтану нәтижесі қартаю үдерісін баяулатып, артық салмақтан арылтып, салауатты өмір салтын ұстануға жетелейді. Бүгінгі күнде нутрициология мен диетология мамандары да адам ағзасына белгілі дәрумендер мен минералды заттардың жетіспеуінен ересектерде ғана емес, балалар арасында да түрлі аурулар белең алып бара жатқандығын айтады. Шаштың сыпырылып түсуі, бастың айналуы, ұйқының қанбауы, шаршаңқылықтың басылмауы сынды толып жатқан жағдайларды «аш ағзаның» «жанайқайы» деп түсініңіз. Ашыққан ағзаны тойдырудың басты емі – пайдалы, сіңімді, қоректік дәрумендерге толы тамақтану мәзірі. Уақтылы қарбаласта өтіп жатқан адамдардың мұны іске асыруы қиын. Дегенмен, адамзат денсаулығын сақтау – өзекті мәселелердің бірі.

Түрлі дәрумендер мен биологиялық белсенді қоспалар тұтынып, спортпен айналысу да белсенді өмір салты саналады. Алайда, бұлардың өзі де қимыл-қозғалысы аз тіршілікте денсаулықты күтуге жетпей жатады. Сондықтан пайдалылығына көз жеткізбей тұрып, биологиялық белсенді қоспаларға көп қаражат жұмсауға асықпаңыз. Әсіресе, әлеуметтік желілерден жарнамасы айқайлап шығатын күмәнді қоспалар мен дәрумендерге әуес бола бермеңіз. Жалпы, адам ағзасының 70 пайызы судан тұрады. Қалған бөлігі біздің күнделікті тұтынатын ішіп-жейтін ас-тамағымыздың қоректік көзі. Бүгінде біздің тамақтану рационымызда олқылықтар көп, тіпті күнделікті дастарқанымыздағы азық-түліктің қайдан келіп жатқанын да білмейміз. «Күнде не ішіп-жейтініңді айтсаң, сенің бойыңда қандай аурулар барын мен лезде сипаттап беремін» дейді екен диетологтар. Үлкендерді ғана емес, балалардың жүйке-жүйесіне де кері әсер ететін, күйзеліске ұшырататын түрлі ақпараттық технологиямен қатар, көшедегі самсап тұрған тағамдар. Бала ағзасы үшін дәрумендер мен минералдардың рөлі қандай, азық-түлік арқылы саламатты өмір салтына қалай келеміз? Бұл сауал сан мыңдаған ата-ананы толғандырып отыр.

Сарыағаштық Жания Мамурбаева да алғашында үш перзентінің болашағына қатты алаңдады. Балаларының күнде дүкеннен сатып алатын тәттіден қалай бас тартуға болатынын ойлап, көп ізденді. Ақыры оның шешімін тапты да.

Кәсіп бастамас бұрын дүкендерді, дәріханаларды бір шолып шықты. Сөйтті де, базардан келілеп сұлы жармасын және кептірілген жемістерді сатып әкеліп, дайындау әдістерін өзгертіп, отбасына ұсынды. Ата-енесіне, күйеуіне, балаларына ұнады. Содан соң көршілеріне дәм татқызды. Біраз уақыттан соң-ақ Жанияның қолынан шыққан тағамдарды сатып алушылардың қатары көбейе түсті.

«Ата-анам Тәжікстаннан көшіп келген. Балалық шағым саялы Сарыағашта өтті. Мәуе-шәуенің ортасында жүріп оларды қалай өсіреді, қалай жинайды, сақтайды деп барлығына қызыға қарайтынмын. «Граноланы» кішкентай кезімізде анам жасап беретін. Бойжетіп, тұрмыс құрған кезімде ең алдымен ата-енемнің тұтынатын тағамдарына жіті көңіл бөлдім. Кейіннен балалар өмірге келген соң, оларға зиянды-ау дейтін тағамдарды жегізбеуге тырыстым. Сұлы жармасы көптеген жылдар бойы таңғы ас санатында пайдалы тағам және жеңіл тағам ретінде орын алып келеді. Өзім Авиценна медициналық колледжінің фармацевт мамандығын бітіргенмін, әр дәріге мұқият қараймын. Дәрілердің адам ағзасына пайдасы мен зияны қандай екендігін көпшілік біле бермейді. Маман ретінде, әрі кәсіпкерлікті дамыту үшін күйеуім Талғат Қуандықов екеуміз ақылдасып, жоспар түздік. «Қуандықова» жеке кәсіпкер атауымен екі жылдан бері денсаулыққа пайдасы бар түрлі тағамдар шығара бастадық. Пастела, әртүрлі жемістерден жасалған чипси, қолдың майынан қазір бәрі «Гхи» атап кеткен майды үйде дайындадық. Біздің қолдан шыққан әрбір өнім таза табиғи және дұрыс тамақтануға «ПП» арналған. Алғашында тек қаладағы дүкен, дәріханаларға апарып беріп тұрдық. Кәсібімізді артық ақшасыз, ешқандай шығынсыз бастап кеттік. Қазіргі кезде айына таза табысымыз жарты миллион теңгеден асады. Астана, Алматы, Тараз, Түркістан, Ақтөбе, Шымкент қалаларындағы кейбір дүкендер мен дәріханалардан тапсырыстар қабылдаймыз. Тапсырысты екі күн алдын ала қабылдап, тұтынушының рационына сай келетін түрлерін жасап, поштамен, көлікпен салып жібереміз. Диетологтар сұлы жармасын тұтынған адамдардың ішектері таза және бет-жүзі сұлуланып жүретінін айтады. Ең бастысы, адамдар біздің өнімді тұтынып, денсаулықтарына дұрыс қарап, салауатты өмір салтын ұстанса, мақсатымыздың орындалғаны», дейді жеке кәсіпкер Жания Романқызы.

Жас кәсіпкердің айтуынша, үйде гранола, яғни сұлы жармасынан ассорти жасауда оған қосылатын ингредиенттердің таза болуы өте маңызды. Алдымен негіз ретінде тұтас сұлы, жаңғақтар мен жұмыртқаны өлшеп, ұнтақтайды. Бал шәрбаты, үйеңкі сиропы немесе банан пюресі сияқты гликемиялық индексі төмен табиғи қанттарды дәмін кіргізу үшін пайдаланады. Оған кептірілген жемістерді, қара шоколадты чипсилерді немесе тіпті, табиғи жаңғақ майын қосуға да болады. Бүкіл қоспаны төмен температурада қыздыру оның тағамдық құндылығын сақтауға көмектеседі. Қоспаны пісіргеннен кейін қалаған пайдаланушы үшін жолақтарды бөліктерге кесіп қоюға болады. Қонақүйлер мен дәмханаларда ұсынылатын гранолла түрлерінде көп мөлшерде қант пен ұзақ сақтауға арналған химиялық қоспаларды қолданады. Ал, үй жағдайында жасалған гранола таза, табиғи және пайдалы диеталық тағам болып шығады.

Жания Мамурбаева биыл мемлекеттен берілетін қайтарымсыз гранттарға қатысқысы келетінін жеткізді. Жеке кәсіпкерлік бойынша барлық құжаттары дайын.

«Бизнеске бет бұру оңай емес екендігін білемін. Қолымда ата-енем бар. Олардың күтімі мен жағдайын жасау, балаларды тәрбиелеу отағасы екеуміздің мойнымызда. Әрдайым кәсіптің наны тәтті. Біз ешкімнен қолдау күтпей, ақыл-кеңес алмай-ақ бизнесті жүргізуіміздің басты себебі, үйдегі қазыналарымыз – ата-апамыздың бізге берген ақ батасының арқасы деп білеміз», дейді ол.

А. ПАЙЫСХАН.
Түркістан облысы.

ПРОКУРАТУРА

КЕҢЕСТЕ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Жамбыл облыстық прокуратурасы жанындағы үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелерін талқылауға арналған маңызды жиынға құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, мәслихат депутаттары, кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, еріктілер және сала мамандары қатысты.

Кеңес отырысына облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров пен облыстық мәслихаттың төрағасы Абдалы Нұралиев арнайы қатысып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруда азаматтық қоғамның рөлін атап өтті. Олар қылмыстың алдын алу тек құзырлы органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін баса айтты.

Облыс прокуроры Нұрғалым Әбдіровтің айтуынша, үйлесімді әрекет пен жүйелі жұмыс нәтижесінде өңірде бірқатар қылмыс түрлері бойынша айтарлықтай төмендеу байқалады. Мәселен, қоғамдық орындарда құқықбұзушылық – 20 пайызға, көше қылмыстары – 18,7 пайызға, ұрлық – 27,3 пайызға, тонау – 58,6 пайызға, бұзақылық– 8,8 пайызға, бопсалау – 42,9 пайызға, мас күйінде жасалған қылмыстар – 5,7 пайызға, топпен жасалған қылмыстар – 17,7 пайызға және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар 42,1 пайызға азайған.

Кеңес барысында облыстық прокуратураның бастамасымен жүзеге асырылып жатқан бірнеше әлеуметтік жоба таныстырылды. Атап айтқанда, «Қоғаммен байланыс», «Қауіпсіз балалық шақ», «Komek Stop Bullying Jambyl» және «Есірткісіз болашақ» жобаларының нәтижелері көпшіліктің назарын аударды. «Қоғаммен байланыс» жобасы аясында 100-ден астам көшпелі қабылдау ұйымдастырылып, 10 мыңнан астам тұрғын қамтылған. Бұл қабылдаулар нәтижесінде 100 мыңға жуық азаматтың мәселесі шешімін тапқан.

Сонымен қатар, облыстың 32 ауылында дүкен иелері алкоголь өнімдерін сатудан ерікті түрде бас тартып, бұл шешім ауылдардағы құқықбұзушылық деңгейінің айтарлықтай төмендеуіне сеп болған. Облыс прокуроры мұндай әлеуметтік жауапкершілік танытқан кәсіпкерлерге алғыс білдірді.

Кеңес қорытындысында облыс прокуроры жаз мезгіліндегі балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, интернет-алаяқтық пен есірткі қылмысына қарсы күресті күшейту бағытында нақты тапсырмалар берді.

Жиын соңында құқықтық тәртіпті нығайтуға үлес қосқан белсенді азаматтар – құқық қорғау органдарының өкілдері, үкіметтік емес ұйым мүшелері, еріктілер, журналистер, мұғалімдер, спортшылар мен қарапайым тұрғындар марапатталып, облыс прокурорының Алғысхаттарымен марапатталды.

Бұл кеңес – құқық қорғау жүйесі мен қоғам арасындағы тығыз байланыстың, бірлескен күш-жігердің нақты көрінісі болды.

Қ. КАМАЛ.
Жамбыл облысы.

МАМАНДЫҒЫ МАҚТАНЫШЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІ ТУ ЕТКЕН ОТБАСЫ

Қазақстан полициясы күні – ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздік жолында аянбай еңбек етіп жүрген тәртіп сақшыларына көрсетілер құрметтің жарқын көрінісі. Осындай жауапкершілігі зор қызметті отбасы болып бірге атқарып жүрген жандар – нағыз ерлік пен елжандылықтың үлгісі.

Солардың бірі – ерлі-зайыпты Жуалы ауданының полиция қызметкерлері Байжан Дауитов пен Меруерт Орынбек. Байжан Миятбекұлы – полиция майоры, бүгінде Жуалы аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінде аға жедел уәкіл қызметін атқарады. 1991 жылы дүниеге келген. Ол ішкі істер органдарындағы қызметін 2009 жылы бастайды. 2011 жылдан бастап учаскелік полиция инспекторының көмекшісі ретінде еңбек жолын жалғастырып, 2012 жылдан бастап жедел уәкіл, ал 2020 жылдан бері аға жедел уәкіл ретінде аудан көлеміндегі қылмыстардың ашылуына сүбелі үлес қосып келеді.

Ал, жары Меруерт Ержігітқызы Жуалы ауданы полиция бөлімінің тергеу бөлімінде аға тергеуші, полиция майоры. 1993 жылы дүниеге келген. Құқық қорғау саласындағы еңбек жолын 2010 жылы бастаған. Меруерт 2014 жылы ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясын тәмамдап, сол жылдан бастап, 2021 жылға дейін анықтау тобында анықтаушы болып қызмет етті. Соңғы жылдары аға тергеуші ретінде қылмыстық істерді тергеп, өз кәсібілігін күнделікті істермен дәлелдеуде. Аудан көлеміндегі қылмыстардың ашылуында айтарлықтай жоғары нәтижелерге қол жеткізген Меруерт «ІІО үздігі» төсбелгісіне ие болды.

Сондай-ақ қос полицей қызметтегі жетістіктері үшін бірнеше мәрте ҚР ІІМ, облыстық ПД Алғысхаттары, грамоталарымен марапатталған.

Бұл ерлі-зайыптының таныстығы да осы қызметтен бастау алған. 2014 жылы Жуалы аудандық полиция бөлімінде алғаш кездесіп, 2016 жылдың қыркүйек айында шаңырақ көтереді. Бүгінде бұл үлгілі отбасы үш перзент тәрбиелеп отыр – екі ұл мен бір қыз.

«Ортақ мақсатымыз – қылмыстың алдын алып, қоғамда тыныштық орнатуға үлес қосу. Ең бастысы – балаларыма адалдық пен отансүйгіштіктің үлгісін көрсету», – дейді Меруерт Ержігітқызы.

Ал, Байжан Миятбекұлы болса: «Біз үшін отбасы – береке мен бірліктің қайнар көзі. Қызмет пен отбасыны қатар алып жүру – жауапты іс. Бірақ, өз ісіне деген сүйіспеншілік болса, бәрі де мүмкін», – деп бөлісті.

Полицейлер отбасысы – бүгінгі қоғамға үлгі боларлық жанұя. Олар үшін полиция формасы – жай ғана қызметтік киім емес, бұл – ел алдындағы адалдықтың, жауапкершіліктің және сенімнің нышаны. Олардың еңбегі – қоғам тыныштығының кепілі, ал отбасылық татулығы – болашақ ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ іспеттес десек болады.

Заң мен тәртіпті ту еткен полицей отбасысы — бейбіт елдің тыныштық шаңырағы.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ АПТАЛЫҒЫ ӨТІП ЖАТЫР

Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылдың 23-27 маусымы аралығында Жамбыл облысында «Заң және тәртіп» атты қоғамдық қабылдау апталығы өтуде. Бұл іс-шара – құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың мәселелерін тыңдап, тиімді шешуге бағытталған тың бастама.

Апталық акция барысында облыстағы барлық құқық қорғау органдары, жергілікті атқарушы билік пен уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлері тұрғындармен ашық әрі тікелей жұмыс істеуге кірісті. Іс-шараның басты мақсаты – азаматтардың құқықтарын қорғау, олардың арыз-шағымдары мен өтініштерін назардан тыс қалдырмау, заң аясында шешім табуына ықпал ету.

Акцияның басты ерекшелігі – мобильді топтардың қатысуы. Тәжірибелі мамандардан құралған бұл топтар арнайы автобустармен шалғай ауылдарға барып, тұрғындарға құқықтық көмек көрсетіп, заң талаптарын түсіндіреді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу тәртібін түсіндіріп, тұрғындардың көкейіндегі күрделі мәселелерді анықтауға күш салады.

Апталық шеңберінде күн сайын сағат 11:00-ден 13:00-ге дейін Тараз қаласындағы «Mart» сауда-ойын-сауық орталығында және барлық аудан орталықтарында қоғамдық қабылдаулар өткізіледі. Бұл тұрғындар үшін өз мәселелерін мамандарға тікелей жеткізудің тиімді жолы болып отыр.

Сонымен қатар, 2025 жылдың 24 маусымында сағат 10:00-де Жамбыл облысының прокуратурасында (мекенжайы: Тараз қаласы, Дулати көшесі, 23-үй) арнайы «Ашық есік күні» өтті. Бұл – облыс тұрғындары үшін заңгерлермен, прокурорлармен тікелей жүздесіп, білікті құқықтық көмек алу мүмкіндігі болды.

«Заң және тәртіп» апталығы – билік пен халық арасындағы байланысты нығайтуға, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған маңызды қадам. Мұндай шаралар тұрғындардың өз құқықтары мен міндеттерін терең түсініп, заңға деген құрметін қалыптастыруға зор үлес қосады.

«ST» АҚПАРАТ.

БАЛА ТӘРБИЕСІ

ОТБАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ– ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ САУАТЫН АРТТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев заң үстемділігіне және қоғамдық тәртіптің сақталуына басымдық беру қажеттілігін баса айтып келеді. «Заң мен тәртіп» қағидаты халықтың санасына терең орнығуы тиіс. Ол үшін кез келген құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидасын берік ұстау қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде ұйымдастырылуы керек. Мұны әсіресе, аймақ әкімдері мен елге қадірлі, сөзі өтімді қарияларымыз қолға алғаны жөн», деп атап көрсетті Мемлекет басшысы.

Қоғамды алға жетелейтін – құқықтық сауаттылық. «Үйде бақытты адам әлемде бақытты», депті Л.Толстой. Бақытты қоғам бақытты отбасыдан құрылады. Ал, сол бақытты өмірдің баспалдағы өзара сыйластық пен үйлесім салтанат құрған, заңға да, арға да сүйенетін азаматтардың таным түсінігімен берік. Бүгінгі күннің бедерінде отбасындағы құқықтық сауат қоғамның рухани сауатын арттыратын маңызды құралға айналып отыр. Заң үстемдік құрған қоғамда ғана адам құқығы мен бостандығы қорғалады. «Заңын қадірлемеген елдің болашағы жоқ», деген екен Жүсіп Баласағұн бабамыз.

Қазіргі күннің ең өзекті мәселесі балалар мен жасөспірімдер тәрбиесі болып отыр. Әлдебір данышпан «Балаңды тәрбиелеме, алдымен өзіңді тәрбиеле», деген екен. Бұл сөз қазіргі қоғамды да ойландырады. Тәрбиені жалпылама деп қарастырсақ оның ішіндегі ата-ана тәрбиесі үлкен маңызға ие. Қазақ атам «Балаңды бес жасқа дейін ұлыңдай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас», деген. Бұл баланы жасына қарай тәрбиеле, балаңды жақсы көрсең аяма деген сөз.

Біздің көп ата-аналар бұл тәсілді біле бермейді, бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктен қашады. Баласының күні бойы не істеп жүргенінен бейхабар. Оның достары кімдер, араласатын орталары қандай, зерттеп, зерделеп жатқан ешкім жоқ. Аман-есен үйіне келсе, болды. Баласымен бір мезгіл ашық әңгімелесіп, оның болашағына көз жүгіртіп, адами қасиеттің нышандарын бойына сіңіру арқылы ақылкеңесін аямаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Қазір жазғы каникул кезі, балалардың қолы бос. Сол қолы бос балалар түнгі сағат он екіге дейін спорт алаңдарында жүреді. Олар не істеп жүр? Ешкімнің шаруасы жоқ. Оларды іздеп жатқан ата-анасы тағы жоқ. Осылай бұғаусыз жүрген бала түн мезгілінде бірдеңеге ұшырамасына кім кепіл? Теріс қадам осы жерден басталары да анық.

Сондай-ақ осы спорт алаңының жанында балалардың әткеншек теуіп, сырғанайтын ойын алаңшалары бар. Сол жерде отырған аналар балалардың әткеншекке таласып, бір-бірін жылатып жатқанын көрсе де, үндемей, әңгіменің қызығына түсіп отыра береді. Япырай жөн сөз айтып, ақылға келтіретін ата-аналардың да азайып бара жатқаны ма?

Қазақтың хас батыры Б.Момышұлы «Мен үш нәрседен қорқамын: бірінші – баласына бесік жырын айтпаған анадан, екіншісі – немересіне ертегі айтпаған әжеден, үшіншісі – бір-бірімен қазақша сөйлеспеген қазақтардан. Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын», деген еді.

Иә ұлттық құндылықтарды ұмыта бастағанымыз жасырын емес. Ұлы Даланың аталар бекіткен «Дала Заңы» артта қалды. Осы жерде «Біз қайда кетіп барамыз?» деген сауал еріксіз туындайды. Санаңа даналықтың дәнін себер даналар қайда, баланы мейірімділікке жетелейтін аналар қайда, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетер балалар қайда, деп налисың.

Құрметті ағайын! Кешен келешектің кемеңгер ұл-қызын тәрбиелейміз десек қоғам болып балалар мен жасөспірімдер тәрбиесін мықтап қолға алғанымыз жөн.

Мектепте үлкен балалардың төменгі сынып оқушыларынан ақша бопсалауы да, нашақорлыққа әуестену де кездесіп жатады. Мұның бәрін мектепте сыртқа шығармай, жасыру фактісі етек алып жатады. Мектептің рейтингісін түсіргілері келмейді.

Сол себепті, әр ауылдық округтегі ақсақалдар алқасы мектептерде кездесулер өткізіп, өскелең ұрпақты парасат пен пайымдылыққа, кісілік пен кішілікке, мейірім мен қамқорлыққа, адамдық пен адалдыққа бейімдеп отырса құба құп болар еді. Ата-аналармен «дөңгелек үстелдер» ұйымдастырып, өз ойларын ортаға салып отыру да тәрбиенің маңызды бір көзі.

Балаларын кітап оқуға баулу – кезек күттірмес мәселе. Француз ойшылы Дидро «Кітап оқуды тоқтатқан адам ойлауды да тоқтатады», деген екен. Ойсыз, құштарлығы төмен баланың болашағы да бұлдыр болары сөзсіз. Ойсыз болудан сақтанайық.

Адамның күш-қуатын жан дүниесін, ішкі сарайын ашатын басты құрал - тәрбие. Тәрбиені ынта-ықыласты оята отырып бойға сіңіру сезім жолымен жүрек арқылы өткізгенде ғана жасампаз құндылыққа, өмірлік шапағатқа жол ашады.

Қ. САУҚЫМОВ.
Жамбыл облысы.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

СОТ АКТІЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Тараз қаласының №2 сотында маңызды құқықтық іс-шара – «Сот актілерін орындау мәселелері» тақырыбында «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Кездесу Қазақстандағы сот төрелігінің тиімділігін арттыру және заңдылықты нығайтуға бағытталды.

Іс-шараға Тараз қаласы прокуратурасының, Жамбыл облысы жеке сот орындаушылар палатасының және Сот актілерін орындау департаментінің өкілдері қатысты. «Дөңгелек үстелге» төрағалық еткен №2 соттың төрағасы Ернар Дүйсенбаев сот актілерінің орындалуы сот жүйесінің толыққанды әрі әділ жұмыс істеуінің маңызды бөлігі екенін ерекше атап өтті.

– Заңды күшіне енген сот шешімдері Қазақстан Республикасының аумағында бұлжытпай орындалуға тиіс. Егер бұл талап сақталмаса, тиісті жауапкершілік көзделген. Орындалмаған сот шешімі – азаматтардың құқықтары мен мемлекет мүддесінің бұзылуына жол ашады, – деді сот төрағасы.

Жиын барысында соттың бас маманы Гүлдана Ахалиева мемлекет пен жәбірленушілерге өтемақы қоры есебінен өндіріп алынуы тиіс қаражат көлемі бойынша талдау ұсынып, орындалмаған актілердің нақты санын және сомасын мәлім етті.

Тараз қаласы прокурорының орынбасары Оралхан Көшербаев сот актілерінің уақтылы әрі сапалы орындалмауы – мемлекеттің беделіне нұқсан келтіретінін және бұл жағдайлар сот төрелігінің тиімділігіне кері әсер ететінін жеткізді. Ол прокуратура тарапынан осы бағытта қадағалау мен бақылау шаралары күшейтілгенін, сонымен қатар, сот актілерін орынсыз қайтару немесе орындаудан жалтару фактілері анықталған жағдайда сот орындаушыларына қатысты жауапкершілік қаралатынын атап өтті.

Жеке және мемлекеттік сот орындаушылары атқарушылық өндірістерді тоқтату мен құжаттарды қайтару тәртібін, сондай-ақ оның негіздері мен себептерін түсіндірді. Олар нақты мысалдар арқылы орындалу барысындағы қиындықтарды және жүйелі түрде туындайтын мәселелерді ашып көрсетті.

Кездесу соңында қатысушылар ашық пікір алмасып, сот актілерінің сапалы және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету бойынша бірқатар ұсыныстар әзірледі. Бұл ұсыныстар болашақта заңнаманы жетілдіру және сот орындау жүйесін реформалау жұмыстарына негіз бола алады.

А. ӘБІЛ.
Тараз қаласы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

ОТАНДЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДАМЫТЫЛУДА

Ұлт дамуының маңызды өлшемі– мінсіз және тиімді ұлттық сот төрелігі жүйесі. Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Құқықтық демократиялық қоғамда барлық даулы мәселелер сот арқылы шешімін табатыны белгілі. Осыған орай, азаматтардың құқығын қорғауда сот төрелігінің атқарар міндеті мен оған жүктелер жауапкершілігі күн санап артып келетінін айта кету керек.

Елде демократиялық қағидаларды орнықтыру, халықтың бостандығы мен құқығын қорғау қажеттігін ерекше назарда ұстау сот жүйесінде негізгі талаптардың бірі болып саналады. Содан бүгінде сот жүйесінің азаматтарға деген ашықтығы күннен-күнге артуда. Сот төрелігінің уақтылы, заң талаптарына сай, әділетті және сапалы түрде қызмет атқарылуы түпкілікті әрі маңызды міндеттер болып келеді.

Әлемнің бірде-бір елінде, тіпті ең дамыған мемлекеттерде қолайлы инвестициялық ахуалдың да, азаматтардың әл-ауқатының жоғары деңгейінің де, қоғамның табысты дамуының да болуы мүмкін емес. Сондықтан соттар мен судьялардың тиімді жұмыс істеуі үшін оларды барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету қажет.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында отандық сот жүйесінің инфрақұрылымын дамыту және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл – отандық соттарды халықаралық стандарттарға сәйкес дамытудың ең басты шарттарының бірі.

Қоғамның сот төрелігіне ұдайы сұранысының үдесінен шығу ең алдымен, тараптарды сот отырысының өтетін орны мен мерзімі туралы уақтылы хабарлау, қажетті сот құжаттарымен таныстыру, ыңғайлы күту және сот отырысы залдарының болуымен тікелей байланысты. Бұл орайда судьялар мен мамандардың жұмыс жасауына барлық жағдай жасалған. Жаңа сот ғимараттары сот дауларын қарайтын ғимараттар санаттарына қойылатын барлық талаптарға сай келеді.

Жүргізіліп жатқан институттық реформа шеңберінде сот жүйесінің материалдық-техникалық базасы нығайып, инфрақұрылымы дамуда. Атқарылған осы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізу деңгейі мен құқықтық мәдениеті, халықтың сот жүйесіне деген сенімі артуда.

А. ШЫМЫРОВА,
Жамбыл аудандық соттың төрағасы.
Жамбыл облысы.

РЕФОРМА АЯСЫНДА

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2024 жылғы 5 шілдедегі № 109-VIII Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 4-тармағына сай, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізілген.

Кассациялық соттарды Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, атауын өзгертеді және таратады. Кассациялық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Жоғарғы Сот Төрағасы уәкілетті органның ұсынуы негізінде әрбір кассациялық сот үшін судьялардың санын Жоғары Сот Кеңесімен келісу бойынша белгілейді.

Судья лауазымына кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалау үшін кассациялық сот жанынан консультативтік-кеңесші орган – Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылады. Кассациялық сот судьялары лауазымдарына кандидаттар бойынша қорытындыларды Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін беруге тиіс.

Кассациялық сот:

1) сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кассациялық сот төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар, сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді, кассациялық соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, кассациялық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде кассациялық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді.

Кассациялық соттардың төрағалары бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, кассациялық сот судьялары немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық сотта кемінде бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

С. ЕРАЛИЕВ,
Жуалы ауданы Сот әкімшісінің басшысы.
Жамбыл облысы.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – СОТТАЛҒАНДАРДЫ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУ

Қоғамдық қауіпсіздікті арттыру және қайталама құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Жамбыл облысында «Қайта қылмыс жасаудың алдын алу» атты кешенді жоба жүзеге асырылуда. Игі бастама сотталғандарды қайта әлеуметтендіру, бақылау және қолдаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Жобаның басты мақсаттарының бірі – бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтарды еңбекке тарту және олардың қоғамға қайта бейімделуіне жағдай жасау.

2025 жылдың алғашқы бес айының қорытындысы бойынша өңірдегі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде 1500 еңбекке қабілетті сотталғанның 1112-сі, яғни, 74 пайызы тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш. 2024 жылы 1632 адамның 967-сі ғана жұмыспен қамтылып, 59,3 пайызды құраған болатын.

Сотталғандарды жұмыспен қамту мәселесіне жергілікті кәсіпкерлер де белсенді атсалысуда. Айталық, кәсіпкер Тенізбаевтың бастамасымен қылмыстық-атқару жүйесінің №25 мекемесі аумағынан жер телімі беріліп, оның жеке қаражаты есебінен аяқ киім тігетін цех бой көтерді. Заманауи жабдықтармен қамтылған өндірісте 100 сотталған азаматты жұмысқа орналастыру көзделуде.

Жаңа өндіріс орнын жуырда Жамбыл облысы әкімінің міндетін атқарушы Нұржан Календеров пен облыс прокурорының бірінші орынбасары Қанат Мамаев арнайы барып көріп, оң бағасын берді. Олар бұл жобаның сотталғандарды қоғамға бейімдеу, еңбекті қадірлеуге баулу және олардың қайта қылмысқа бармауына ықпал ететін тиімді құрал екенін атап өтті.

Жоба аясындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Қайта құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған бұл бастама – тек жазаны орындау ғана емес, сонымен қатар, әр адамның қоғамға қайта оралуына мүмкіндік беретін әлеуметтік әділет қағидаттарының көрінісі.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мойынқұм ауданында отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі өзекті болып отыр. Осы қиыншылыққа назар аудару мақсатында аудандағы зорлық-зомбылыққа ұшырағандарға әлеуметтік кеңес беру кабинеті мамандары қызмет көрсетіп жатыр.

Оларға эмоционалдық қолдау көрсетумен қатар, дағдарыс кезеңінде тиімді көмек көрсетуге бағытталған. Тегін психологиялық кеңес, кризиске араласу, құқықтық және әлеуметтік көмек ұсынылады. Сонымен қатар, кабинет онлайн консультациялар мен топтық терапия сеанстарын ұйымдастырып, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы қызмет аясын кеңейтуде. Бұл шаралар олардың өз-өзін бағалау сезімін қалпына келтіріп, қоғамға қайта бейімделуіне ықпал етеді.

Бұл бастама Мойынқұм ауданында отбасылық зорлық-зомбылықпен күрестегі маңызды қадам болып табылады. Көрсетілетін қолдау олардың өзөзін қайта табуына, қауіпсіздік сезімін арттыруға және қоғамға қайта интеграциялануына зор ықпал етеді. Кабинет жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында, құрылым тек жеке консультациялармен шектелмей, отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық-танымдық іс-шараларды да ұйымдастыруда. Аудандық мектептер мен әлеуметтік мекемелерде семинарлар, тренингтер және практикалық сабақтар өткізіліп, қатысушыларға зорлық-зомбылықтың салдары мен алдын алу әдістері туралы кеңінен ақпарат беріледі. Алғашқы айлардағы статистикалық мәліметтер де қызметтің өз уақытында және қажеттілікке сай іске асырылып жатқанын дәлелдейді. 30-дан астам зорлық-зомбылыққа ұшырағандарға онлайн және офлайн консультация өткізілді. Бұл көрсеткіштер оларға қызметтің көрсетіліп жатқан жанжақты қолдауының әсерін айқындап отыр. Көрсетілетін жанжақты көмек олардың өмірінде оң өзгерістерге жол ашып, қоғамның әрбір мүшесіне өзөзін қорғау мен қолдау көр-сету мүмкіндігін береді.

Отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес — біздің ортақ міндетіміз. Әрбір азаматтың қауіпсіздігі мен психологиялық саулығы біздің басты басымдықтарымыздың бірі. Біз оларарға сапалы және жан-жақты көмек көрсетуді көздейміз.

Қызметтерді пайдалану үшін, Мойынқұм ауданының тұрғындары арнайы телефон нөмірі арқылы хабарласып, немесе кабинетке тікелей келу арқылы көмек ала алады.

Байланыс нөмірі: 8 771 537 7696.

Ә. ИМАНҚҰЛОВА,
әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.
Жамбыл облысы.

СОТ ЖҮЙЕСІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елдегі сот жүйесінде енгізіліп жатқан жаңа өзгерістер мен құқықтық тәсілдерді түсіндіру мақсатында Т.Рысқұлов аудандық сотының судьясы Серік Өзбековтың төрағалығымен аудан әкімдігінде дөңгелек үстел отырысы өтті.

Жиынға сот әкімшісінің басшысы Жасұзақ Баймендиев, аудан әкімдігінің және ауылдық округ әкімдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Судья Серік Өзбеков өз сөзінде елімізде 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмысын бастайтын қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша мамандандырылған үш кассациялық сот құрылатынын атап өтті. Ол соттардың барлығы елордамыз – Астана қаласында орналасатын болады. Бұл реформа Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып, сот төрелігінің тиімділігін арттыру мен әділ сотқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Сондай-ақ жиында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін (ӘРПК) қолданудың практикалық қырлары талқыланды. Судья ӘРПК нормаларын сақтай отырып, дауларды сотқа дейін шешудің маңыздылығын түсіндірді. Мемлекеттік органдар тарапынан өтініштерді қарау кезінде заңда белгіленген нақты алгоритмдердің сақталуы азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды тетігі екені айтылды.

Қылмыстық-процестік кодекстің 106-бабы да назардан тыс қалған жоқ. Бұл бап бойынша құқық қорғау органдарының әрекеттеріне шағымдану және оларды қарау тәртібі туралы нақты мәліметтер берілді.

Кездесу барысында қатысушылар тәжірибеге сүйенген өзекті мәселелерді ортаға салып, заң саласындағы білікті мамандардан нақты әрі тұшымды жауаптар алды.

«ST» АҚПАРАТ.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

КЕСЕЛ КЕСІРІН ТИГІЗБЕСІН

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әс ерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің дендеп, тамырлап кетпеуіне өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу – біздің басты міндетіміз.

М. ИСМАЙЛОВА,
Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.
Жамбыл облысы.

БАРША ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін қауіпті құбылыс. Ол елдің экономикасына ғана емес, халықтың әділдікке деген сеніміне де зор нұқсан келтіреді. Бүгінде бұл дертпен күресу барша қоғамның басты міндеті мен жауапкершілігіне айналып отыр.

Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту бағытында түрлі заңдар қабылданып, нақты іс-шаралар жүзеге асырылуда. Мемлекеттік органдардан бастап, білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау салаларына дейін ашықтық пен әділдік қағидаттарын ұстануға ұмтылып келеді.

Алайда, бұл күрес тек құзырлы органдардың ғана емес, әр адамның азаматтық ұстанымына байланысты екенін естен шығармаған жөн. Әр адам өзінің күнделікті өмірінде адалдықты ту етіп, парақорлыққа төзбеушілік танытса, қоғамда әділдік орнайды. «Жемқорлықпен күресті өзгеден емес, өзіннен баста» деген ұстаным бұл бағыттағы нақты қадамдардың бастауы болуы тиіс.

Мектеп қабырғасынан бастап жастарға адал болу, әділ жолмен жетістікке жету ұстанымын қалыптастыру – келешек ұрпақты жемқорлықтан алшақ ұстаудың бір жолы. Сондай-ақ мекемелерде ашық қызмет көрсету, электронды үдерістерді енгізу де жемқорлықтың жолын кесуге ықпал етеді.

Кеселді түп тамырымен жою – бір күннің немесе бір ұйымның ғана жұмысы емес. Бұл – тұтас қоғам болып жұмылатын, ортақ ұстаным мен берік сенім арқылы ғана жүзеге асатын күрес. Сондықтан әрбір азамат осы іске бейжай қарамай, ел болашағы үшін өз үлесін қосуы керек.

Д. ҚОСКЕЛБАЕВ,
Жамбыл ауданы әкімдігі қаржы бөлімінің бас маманы.
Жамбыл облысы.

ТУРНИР

СПОРТ – ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮШ!

Халықаралық есірткіге қарсы күрес күніне орай, Тараз қаласында спорттық іс-шара өтті. «Жастар есірткіге қарсы» ұранымен ұйымдастырылған қыздар арасындағы волейбол турнирі жеңіс пен жанкешті ойыннан да жоғары идеяны – зиянды әдеттерден бойды аулақ салып, саламатты өмір салтын ұстануды дәріптеді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастарды спорт арқылы біріктіріп, оларды есірткіге қарсы тәрбиелеу, дені сау, рухы биік тұлға болып қалыптасуына ықпал ету. Турнир Жамбыл облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы мен Тараз қалалық жастар ресурстық орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен №3 орта мектеп-лицейінің спорт залында өтті.

Жарысқа Тараз қаласындағы бірнеше білім беру мекемелерінің командалары қатысты. Қатысушы қыздар тек спорттық шеберліктерін ғана емес, нағыз командалық рух пен ортақ мақсатқа ұмтылудың жарқын үлгісін көрсетті. Әр ұпай үшін күрес, бір-біріне деген қолдау, ортақ жеңіске деген сенім – мұның бәрі алаңда анық байқалды.

Нәтижесінде I орын – №66 мектеп командасына, II орын – №3 орта мектеп-лицейінің құрама командасына, III орын «IQ» IT-мектебінің командасына бұйырды. Ал, «Үздік ойыншы» аталымында Мәлік Жібек үздік деп танылып, арнайы марапатқа ие болды. Сонымен қатар, барлық қатысушыларға Алғысхаттар, медальдар, кубоктар және естелік сертификаттар табысталды.

– Бұл турнир – жай ғана жарыс емес. Бұл – жастарға дұрыс бағыт берудің бір жолы. Спорттың жастарды қанаттандыра алатынын, өмірлік құндылықтарды дәріптеуде үлкен рөл атқаратынын көрсеттік. Қыздар тек алаңда емес, өмірде де мықты болуға дайын екенін дәлелдеді, – деді Жамбыл облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының міндетін атқарушы Асқар Жұмабеков.

Осындай іс-шаралар жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, ұрпақ санасына «есірткіге жол жоқ» деген берік ұстанымды сіңіреді. Таразда бастау алған бұл игі дәстүр өз жалғасын табары сөзсіз.

Г. ЖЫЛҚЫБАЕВА.
Тараз қаласы.

ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС – ПОЛИЦИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

Жазғы демалыс кезеңінде кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтар, жазатайым оқиғалар мен жанжалдар қаупі артады. Осындай жағдайлардың алдын алу және қауіпсіз орта құру мақсатында Жамбыл облысының полиция қызметкерлері белсенді түрде профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

Полицейлер жаз бойы жасөспірімдер көп жиналатын орындарда — саябақтарда, аулаларда, скверлерде, сауда орталықтарының маңында кешкі және түнгі рейдтер өткізуде. Бұл орайда есепте тұрған отбасыларға және «тәуекел тобындағы» жасөспірімдерге ерекше көңіл бөлінеді.

— Осындай кезекті рейд барысында Тараз қаласындағы көшелердің бірінде түнгі сағат 02:00-де саябақта жүрген екі жасөспірім байқалған. Жағдайды анықтау барысында 12 және 14 жастағы бұл балалардың ата-аналарының жоқтығын пайдаланып, жақын маңдағы ауылдан қаланың көрікті жерлерін көру үшін келгені белгілі болды. Олар кәмелетке толмаған балаларды қолдау орталығына орналастырылды. Ата-аналарымен профилактикалық әңгіме жүргізіліп, әкімшілік жауапкершілікке тартылды, — дейді Жамбыл облысы ПД ӘПБ ювеналдық полиция тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Әлішер Қалышев.

Сондай-ақ, полицейлер балалардың экскурсиялары мен лагерьлерге сапарлары кезінде ілесіп жүреді, тұрмыстық жағдайлары мен күзет пен қауіпсіздік шараларының барысымен танысады.

Жазғы профилактикалық жұмыстар — тек бақылау емес, балалардың денсаулығы, қауіпсіздігі мен болашағына жасалған маңызды қамқорлық.

МАҚСАТ - МАЛ ҰРЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жамбыл облысы Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасы «Заң мен Тәртіп» айлығы аясында мал ұрлығының алдын алуға бағытталған кең ауқымды рейдтік және ақпараттық-құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырып, өткізді.

«Малыңызды қорғаудың бес қадамы» атауымен өткен іс-шараның негізгі мақсаты– халық арасында мал ұрлығының алдын алу мәдениетін қалыптастыру және мал иелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру. Атап айтқанда, жануарларды уақтылы бірдейлендіру (чиптеу, сырғалау, таңбалау), ілеспе құжаттарсыз малды тасымалдауға және сатуға жол бермеу, мал жаю қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Полиция қызметкерлері мал базарларында, елді мекендерде және жайылымдық аумақтарда рейдтер өткізіп, тұрғындарға құқықтық кеңестер берді. Сонымен қатар, мал иелеріне өз мүлкін қорғауға көмектесетін қарапайым, бірақ маңызды бес қадам ұсынылды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АКЦИЯ

ОТБАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚАЗАҚСТАН

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында және алкогольдік масаң күйде жасалатын қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында республика аумағында 20 сәуір мен 20 маусым аралығында «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты челлендж-флешмоб форматында ауқымды акциясы өтті.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты - отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында сонымен қатар, алкогольдік масаң күйде жасалған қылмыстар мен құқықбұзушылыққа жол бермеу. Бұл іс-шараға учаскелік полиция инспекторлармен қатар ювеналды полиция бөлімшесінің қызметкерлері, патрульдік полицейлер, денсаулық сақтау, білім бөлімдері және отбасын қолдау орталығы қызметкерлері атсалысуда. Полиция қызметкерлері жедел алдын алу іс-шарасын өткізу барысында халық арасында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын түсіндіру бойынша кең ауқымда іс-шаралар өткізуде.

Қазіргі таңда Байзақ аудандық полиция бөлімінде алдын алу есебінде тұрған 144 тұлға тұрғылықты жері бойынша тексерілді. Іс-шара кезінде полиция қызметкерлерімен 129 адамға қатысты қорғау нұсқамасы шығарылып, 33 төмен отбасылар есепке алынды.

Отбасы саласында әкімшілік жауапкершілікке «Тұрмыс саласындағы құқыққа қарсы әрекеттері үшін» ҚР ӘҚБтК 73-бабымен 145 тұлғаға әкімшілік хаттамасы толтырылды. ҚР ҚК-нің 108-1-бөлігімен (отбасы саласында қасақана денсаулыққа жеңіл деңгейде зиян келтіру) бойынша – 8 дерек, ҚР ҚК-тің 109-1-бөлігімен (отбасы саласында ұрып-соғу) 19 дерек орын алды. ҚР ӘҚБтК-нің 127-бабы бойынша (кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу және (немесе) білім беру жөніндегі міндеттерді орындамау – 18, ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабымен (алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу) – 164, ҚР ӘҚБтК-нің 461 бабымен (қорғау нұсқамасын бұзу) 18 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Өткеріліп жатқан іс-шаралар және ақпараттық түсіндіру жұмыстары бойынша Байзақ АПБ-нің «Baizak_police» инстаграмм әлеуметтік ресми желісіне 66 материал, аудандық газетте екі мақала жарияланды. Есептік уақытта аудан көлемінде мекемелерде, ұйымдар мен ұжымдарда, оқу орындарында 55 іс-шара өтті. Лекциялар оқылып, бес «дөңгелек үстел» отырысы, «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ» атты екі флешмоб өткізіліп, азаматтардың әртүрлі сұрақтарына жауап берілді.

Жамбыл облыстық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы өмірдің қиын және дағдарыс жағдайларына түскендерге уақытша паналауға жағдай жасау үшін 27 жатын орынға дейін әйел азаматтарды қабылдай алады. Іс-шара барысында 5 әйел балаларымен орналастырылды. Отбасын қолдау орталығына кеңес алуға келген 19 анаға құқықтық кеңес берілді. Тәулік бойы сенім телефоны «102», 4-04-12 жұмыс істейді.

Т. НҰРҒАЛИҚЫЗЫ,
Байзақ АПБ ЖПҚБ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция майоры.
Жамбыл облысы.

ДІН МЕН ДӘСТҮР

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Қазақ халқының рухани дүниетанымы мен ұлттық болмысы – дін мен дәстүрдің өзара сабақтастығы арқылы қалыптасты. Ислам діні қазақ даласына VIII ғасырдан бастап тарала бастағанымен, ол бірден қабылданған жоқ. Уақыт өте келе, ислам қағидаттары көшпелі өмір салтына бейімделіп, салт-дәстүрмен біте қайнасты. Бұл – қазақ халқының рухани икемділігі мен даналығының айғағы.

Мәселен, балаға ат қою дәстүрін алайық. Қазақтар нәресте дүниеге келгенде азан шақырып, есім береді. Бұл – исламның «азан айту» сүннетімен байланысты болса, екінші жағынан, ол қазақы танымда баланың өмір есігін ашып, рухани жолға түсуінің алғашқы қадамы саналады.

Сол сияқты сүндетке отырғызу дәстүрі де дін мен дәстүрдің тоғысқан тұсы. Бұл – ислам шариғаты бойынша орындалатын амал, бірақ қазақ халқы оны салтанатты түрде атап өтіп, той жасап, баланың азаматтыққа қадам басқанын білдіретін үлкен оқиға ретінде қабылдайды.

Марқұмға Құран бағыштау да – дін мен дәстүрдің бірігуінің көрінісі. Қазақта «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп, марқұмның рухына арнап Құран оқыту, жетісін, қырқын, жылын беру салты бар. Бұл – исламдағы дұға мен садақа амалдарын дәстүрлі форматта орындаудың үлгісі.

Қазақ қоғамында ата-ананы қадірлеу, үлкенге құрмет көрсету – ұлттық тәрбиенің өзегі. Ал, бұл – Құранда айтылған «ата-анаға жақсылық жасау» әмірімен толық үйлеседі («Исра» сүресі, 23-аят). Дәл осы сияқты «Жетім көрсең, жебей жүр» деген нақыл – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) жетімге қамқор болу жайлы хадистерімен үндес.

Көпке дейін қазақ отбасыларында келінге үлкеннің алдынан кесіп өтпеу, дастарқанға бата берілмейінше тамаққа қол салмау секілді тәрбие көріністері сақталған. Бұл – тек дәстүр емес, ол діннің де әдеп нормаларына сәйкес келеді.

Бүгінде жаһандану мен кейбір сырттан келген діни ағымдардың әсері кей жастардың дәстүрге тосырқап қарауына әкеліп соғуда. Бұл жағдай халықтың рухани тұтастығына қауіп төндіруі мүмкін. Осы орайда дін мен дәстүрдің қайнары ортақ, мазмұны үндес екенін түсіндіру – ел болып атқарар іс.

Мешіттер мен медреселер, мектептер пен университеттер, телеарна мен әлеуметтік желілер – барлығы бір мақсатта жұмыс істеуі, яғни жастарға дін мен дәстүрдің үйлесімді үлгісін көрсету керек.

Дін – жүрекке иман ұялатса, дәстүр – сол иманды өмір салтына айналдыратын құрал. Екеуін бөліп қарау – тарих пен болмыстан қол үзу. Сондықтан дін мен дәстүрдің сабақтастығын сақтау – болашақ ұрпаққа бағыт пен тәрбие берудің ең сенімді жолы.

А. ҚАЛМЫРЗАЕВ,
Жамбыл облысы әкімдігі дін істері басқармасы дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі бөлімнің бас маманы.

САУАП

УАҚЫП ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Ең әуелі күллі мадақтар 18 мың ғаламды мүлтіксіз жаратқан ұлы Раббымызға болсын. Сондай-ақ Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға (с.а.у) сан-санақсыз салауат жаусын.

Уақып сөзінің тілдік мағынасы тосқауыл, кедергі болу деген мағынаны білдірсе, шариғатымыздағы мағынасы белгілі - бір мүлікті үздіксіз (аталмыш дүние жарамсыз болып қалғанға дейін) қайырымдылық жолында жұмсау дегенді білдіреді.

Әбу Ханифадан басқа Ханафи ғалымдарының және Ислам құқықшыларының көпшілігінің пікірлерінше уақып мәндуп сүннет болып есептеледі. Яғни, шариғат бойынша істелуі ұнамды болған және Аллаға жақындататын амалдардың бірі әрі бірегейі.

Ал, енді осы уақыптың нақылдан дәлелдері өте көп. Соның тек бір мысалын ғана келтіре кетуді жөн көрдім. «Ей, иман келтіргендер! Маңдай терлеріңмен тапқан малдарыңды және біздің сендер үшін жерден шығарғандарымызды Алла жолында сарп етіңдер», (Бақара-267 аят) – деп ескерткен.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте: «Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у) былай дейді: «Садақа Раббының ашуын басады және жаман өлімді қайтарады» - деп, Алла жолында садақа берудің сауабын айтып өткен екен.

Асыл дінімізді қадірлеп, дәстүрін ардақтай білген ата-бабаларымыз да уақып қа-дірін жақсы түсінген. Мысалы, Бейбарыс Сұлтан бабамыз Мысыр елінде салған мешіті және Ислам жұртына ардақты үш мешіт: Меккедегі «Харам» мешітін, Мәдина-дағы «Пайғамбар» мешітін, Құддыс қаласындағы «Әл-Ақса» мешітін күрделі жөндеуден өткізіп кеңейткені белгілі. Құнанбай қажы бабамыз Меккеге қажылық жасауға барған қасиетті сапарында киелі шаһардан «Тақия» атты қонақ үй тұрғызып, уақып жасағаны белгілі.

Құрметті ағайындар! Асыл дініміз Жаратушы алдындағы амалдарымызды толық орындаумен қатар, адамдарға пайдалы әрі жәрдемші болуымызды да насихаттайды. Халқымызда «өзін өзі ойлаған – жамандықтың белгісі, өзгені де ойлаған – адамдықтың белгісі» демекші, өзіміз үшін ғана емес, көпшілікке де пайдалы болуымызды Жаратушы Иеміз нәсіп етсін.

А. ҚАЙЫПБЕРГЕНҰЛЫ,
«Әбдірашит ата» мешітінің бас имамы.
Жамбыл облысы.

ДІНІҢ ТҰРСЫН ДІН АМАН

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Рүстем Қасымовтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Кеңес барысында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, әсіресе кәмелетке толмағандар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту мәселелері талқыланды.

Күн тәртібімен таныстырғаннан кейін төраға баяндамашыларға сөз берді. Білім бөлімінің сектор меңгерушісі Ерлан Сейдаханов 2024–2026 жылдарға арналған «Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» жөніндегі «Жол картасының» орындалуы бойынша есеп берді. Ол оқу орындарында жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын, құқық қорғау органдарымен өзара байланыс нығайғанын атап өтті.

Кеңесте сондай-ақ аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәкен Сыздықов, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Олжас Әділханұлы, Бурыл ауылдық округінің әкімі Ерлан Әшірбеков, Түймекент ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы Нұрлан Тленов өз салалары бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады.

Кеңес мүшелері баяндама барысында ұсыныстарын ортаға салып, өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Көптің назары әсіресе жасөспірімдердің тыйым салынған діни контентке қол жеткізуінің алдын алу жайына ауды.

Жиынды қорытындылаған Рүстем Қалмұхамбетұлы: «Мектеп қабырғасында білім алып жатқан жасөспірімдердің тыйым салынған сайттарға кіруінің алдын алу бағытында жүйелі және тұрақты жұмыс жүргізу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін күшейту, мектеп пен құқық қорғау органдары арасындағы байланысты нығайту – қауіпсіз қоғам қалыптастырудағы маңызды қадамдардың бірі», – деп атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді. Ендігі мақсат – қабылданған шешімдердің нәтижесін нақты іс арқылы көрсету.

Г. ЖЫЛҚЫБАЙ.
Жамбыл облысы.

ИМАН

РУХАНИ КҮШ ПЕН БАТЫЛДЫҚТЫҢ ҚАЙНАРЫ



Қай заманда болсын, адам баласы жүрекке тыныштық, жанға сенім іздеген. Өмірдің түрлі сынақтары мен қайшылықтарының алдында шайқалмай тұру үшін адамға ішкі тірек қажет. Осы тірек – дін. Нағыз дін – тек қана сенім емес, сонымен қатар, батылдықтың, рухани беріктіктің тұрағы.

Көп жағдайда дінді әлсіздікпен байланыстырып, қиындықтан қашқан адам ғана дінге жүгінеді дейді базбіреулер. Бірақ, шын мәнінде, дін – адамның ішкі жандүниесін тазартып, жүрегін бекем ететін күш. Қиындық келгенде жаны құлазымай, сабыр сақтап, үмітін үзбей күресе білетін адам – мықты адам. Осындай күшті дін береді. Құранда айтылғандай: «Алла ешкімге шамасынан тыс ауыртпалық жүктемейді» («Бақара» сүресі, 286-аят). Бұл – әр адамда өзінің көтеретін жүгіне жететін қуат бар деген сенім.

Қорқыныш адам табиғатына тән. Болашаққа сенімсіздік, жоғалтып алудан қорқу, жалғыз қалудан үрейлену – осының бәрі адамды әлсіретеді. Бірақ, шынайы сенім жүрекке тыныштық береді. Дін адамға «Сен жалғыз емессің. Сенің арқа сүйер Иең бар» дейді. Мұндай сенім адамның батылдығын арттырып, өмірдің кез келген кезеңінде нық қадам жасауға себеп болады.

Дін тек құлшылық пен дұға ғана емес, ол – әрекет. Шынайы сенім иесі – адал, әділ, жауапты адам. Ол қашанда шындықты айтуға, әділдікке қолдау көрсетуге, әлсізді қорғауға дайын болады. Мұндай қасиеттер тек батыл жүректе болады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) ең ауыр жағдайда да шындықты айтудан, әділеттілікті сақтаудан тайынбаған. Бұл – нағыз батырлықтың белгісі. Адамның таңдаудағы еркіндігі мен жауапкершілігі батылдықпен тығыз байланысты.

Ислам сенім негіздерінде Жаратушы алдында адамның жауапты болуы не болмауы екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншісі – адамның қалауымен, яғни ықтиярымен, екіншісі – адамның қалауынан тыс болатын әрекеттер. Егер адамда таңдау мен қалау еркі болмаған жағдайда жауапқа тартылмас еді. Ислам ғұламаларының баяндауы бойынша, адам тек таңдау мен қалау еркіне ие, ал оның қалауына қатысты істі жарату – Алланың құзыретінде. Яғни, адамның жасамақ болған ісі Алла Тағаланың құдіретімен жаратылады. Сөйтіп, адам өз ерік-жігерімен, қалауымен жасаған әрбір ісі үшін жауапқа тартылады. Бұған мына аятты дәлел ретінде келтіруге болады. «Саффат» сүресінің 96-аятында: «Алла сенедерді де, сендердің амалдарыңды да жаратты», – делінеді.

Адамның таңдаудағы еркіндігі мен істері төңірегінде адасқан ағымдар да пайда болған. Солардың бірі «Жәбрия» деген ағым. «Жәбр» сөзінің мағынасы араб тілінде «мәжбүрлеу, зорлау» деген ұғымға саяды. Олардың түсінігі бойынша, кез келген нәрсе Алланың қалауымен жүзеге асады, іс-әрекетте пенденің ешқандай рөлі жоқ. Пенде пешенесіне жазылғанды ғана көреді. Батыс ғалымдары бұл ағымға «фатализм» деген ат берді.

Демек, олардың басты сенімі төмендегідей болып шығады: адам маңдайына жазылғанды көреді. Бір істі істеуде ешқандай таңдау еркіндігі, күш-қуаты рөл атқармайды, тек мәжбүрлі түрде істейді. Алла Тағала – күллі дүниені жаратушы ұлы құдірет иесі. Сол себепті Алладан басқа ешкім ештеңені өзгерте алмақ емес.

Жәбрия мәзһабын ұстанушылар өздерінің жолын дұрыс деп көрсету үшін Құранның кейбір аяттарын алға тартады әрі соны ұстанады: «Әнғам» сүресінің 35-аятында: «Егер Алла қаласа, оларды туралыққа жинар еді. Ендеше, сен надандардан болма», – делінген. Ал, «Бақара» сүресінің 7-аятында: «Алла олардың жүректеріне, құлақтарына мөр басқан, әрі көздерінде перде бар. Оларға үлкен азап бар», – деген. Яғни, бұл аяттан шығатын ұғым – Алла қаласа, пенде дұрыс жолда, қаламаса, тозақтық болады деген сөз.

Негізінде тағдырға бұлай сену – адасушылық. Тағдырға иман етеміз, бірақ, тағдырымызға жазылып қойғандықтан іс-әрекетімізді мәжбүрлікпен, ықтиярсыз істемейміз. Алла әуелде шексіз ілімімен біздің не істейтінімізді білгендіктен тағдырымызға солай жазған. Алла пендесін құлтемір (робот) секілді амал ету үшін жаратқан жоқ. Пендесіне жақсы мен жаманды таңдау еркіндігін берді. Сол ерік қалауымен жасаған іс-әрекеттер үшін ақыретте жауап береді.

Бүгінгі қоғамға сенімі нық, жүрегі таза, батыл жандар қажет. Дін – сол батылдықтың негізі. Жандүниесі тыныш, жүрегі бекем адам ғана қоғамға пайда әкеледі. Сондықтан дінді әлсіздік деп емес, керісінше, рухани күш пен батылдықтың қайнары деп қабылдайық.

Т. МІРСАБЫРОВ,
Жамбыл облысы әкімдігі дін проблемаларын зерттеу орталығының Байзақ ауданы бойынша инспекторы.

ИМАНИ ЖАЗ

ЖҮРЕККЕ НҰР, САНАҒА ІЗГІЛІК ЕГЕТІН МЕКТЕП

Жамбыл облысында жаз мезгілінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Имани жаз – 2025» жазғы сауат ашу курстары биыл да жалғасын тапты. Өңірдің әр түкпіріндегі мешіттерде өтіп жатқан бұл игі бастама жас ұрпақтың жүрегіне иман нұрын сеуіп, санасына рухани тәрбие дәнін егуді мақсат етеді. Курстар барысында балалар мен жасөспірімдер діни білім алып қана қоймай, көркем мінез, адамгершілік, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді бойына сіңіруде.

Тараз қаласындағы «Кеңесхан қажы» мешітінде ұйымдастырылған үш апталық жазғы курсқа 30-ға жуық оқушы қатысып, Құран әліппесі, ислам дінінің негіздері, пайғамбарлар өмірі, көркем мінез және иман шарттары бойынша білім алуда. Мешіт ұстаздары шәкірттерге тек діни ақпарат қана емес, сонымен қатар, Аллаға деген махаббат пен мұсылмандық тәрбиенің маңызын терең түсіндіріп жатыр.

Сабақтармен қатар, оқушыларға тәрбиелік ойындар, пікірталастар ұйымдастырылып, ұжымдық рухты қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Бұл – олардың рухани иммунитетін күшейтіп, саналы, салиқалы тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жазғы сауат ашу курстары – тек діни білім беру алаңы ғана емес, тұтас қоғамды ізгілікке бастайтын рухани мектепке айналды. Балалардың санасына имандылықты ерте жастан сіңіру – оларды жамандық атаулыдан аулақ етіп, елге, жерге, ата-анаға, дінге деген құрметті оятады.

Дін мен дәстүр үндескен қоғам – тұрақты, берекелі қоғам. Сондықтан бұл курстардың ұйымдастырылуы – болашаққа салынған рухани инвестиция. Ұйымдастырушылар алдағы жылдары да бұл игі дәстүр жалғасатынын жеткізді.

Иман мен тәрбие қатар жүрмесе, рухани даму болмайды. Жазғы сауат ашу курстары – сол рухани дамудың жарқын көрінісі. Жас буынның санасына сәуле шашып, жүрегіне нұр құятын бұл сабақтар арқылы біз кемел қоғамның іргесін қалаймыз.

«ST» АҚПАРАТ.

МЕРЕЙТОЙ

«ҚҰЛАН ТАҢЫ»: ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ 85 ЖЫЛ

Т. Рысқұлов аудандық «Құлан таңы» газетінің 85 жылдық мерейтойы аудан жұртшылығы үшін айтулы оқиғаға айналды. Аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты жиынға зиялы қауым өкілдері, БАҚ басшылары мен ардагер журналистер қатысты.

Іс-шараға облыс әкімінің кеңесшісі Хамит Есаман, «AULIEATA-MEDIA» ЖШС-нің бас директоры Данияр Асқарұлы, республикалық «Salyq tartibi» газетінің бас редакторы Ғалым Қасабай, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, облыстық «Ғұмыр дария» газетінің бас редакторы Жаңабай Миллионов және өңірдің өзге де қаламгерлері мен ардагер журналистер арнайы келіп, басылым ұжымына жылы лебіздерін білдірді.

Салтанатты жиынды аудан әкімінің орынбасары Қайрат Исмайыл ашып, аудандық басылымның халық пен билік арасындағы «алтын көпір» екенін айта келе, газеттің мерейтойымен ұжымды құттықтады.

– «Құлан таңы» – халқымыздың көзі, құлағы һәм тілі бола білген басылым. 85 жыл ішінде газет өз оқырмандарына ел ішіндегі маңызды жаңалықтарды, өзекті мәселелерді ұсынып, халықтың үнін жеткізе білді. Бұл – үлкен жетістік. Ұжымға шығармашылық табыс, сарқылмас шабыт тілеймін, – деді Қайрат Әбілханұлы.

Жиын барысында облыс әкімінің кеңесшісі Хамит Есаман сөз алып, облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің құттықтау хатын оқып берді. Сонымен қатар, басылым ұжымына жылы лебізін жеткізген «AULIEATA-MEDIA» ЖШС-нің бас директоры Данияр Асқарұлы, «Salyq tartibi» газетінің бас редакторы Ғалым Қасабай арнайы кәдесыйларын тарту етті.

Мерейтойда «Ғұмыр дария» газетінің бас редакторы Жаңабай Миллионов және ардагер қаламгерлер Москау Нохрабеков, Сейсен Қожеке, Тұрсынхан Жаманбаев газет тарихындағы естеліктерімен бөлісті. Олар соғыс жылдары жарық көрген басылым нөмірлерін еске алып, газеттің ел жадындағы орны жайлы сөз қозғады.

Мерекелік іс-шара барысында БАҚ саласынның дамуына үлес қосқан азаматтар Алғысхаттармен марапатталды. Жиын соңы жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Сондай-ақ аудан орталығында дартс, асық ату және дойбы сынды ұлттық және зияткерлік спорт түрлерінен «Құлан таңы» газетінің 85 жылдығына арналған спорттық жарыстар өтті. Асық атудан Ғалым Қасабай (Тараз қаласы), дойбыдан Мұрат Өмірзақов (Тұрар Рысқұлов ауданы), дартстан Алихан Нұралиев (Меркі ауданы) жеңімпаз атанды. Осылайша журналистер қауымы шығармашылықта ғана емес, саламатты өмір салтын ұстануда, ұлттық дәстүрді ұлықтауда да белсенді екендіктерін көрсетті.

Ә. НҰРАЛИЕВ.
Жамбыл облысы.

ЗАҢ АЯСЫНДА

КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІ ЛАЙЫҚТЫ ҚОРҒАЛУДА

Биылғы жыл Шу ауданы білім қызметкерлері кәсіподағы үшін жемісті жыл болды. Еңбек адамдарының заңды құқықтары қорғалып, жұмыс белсенділігі де артып отыр. Жалпы, алда атқарар жұмыс көп. Жаңадан қабылданатын «Ұжымдық шарт» талаптарын ұтымды жүзеге асыру, зерделенген жұмысты жетілдіріп, білім беру жүйесіндегі проблемалардың нәтижелі шешуге мүмкіндік беретін жаңа әрі тың жұмыс нысандарын іздеу, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау сынды шаралар күтіп тұр.

Жалпы, өткен оқу жылында ауданның білім қызметкерлері кәсіподағының күшімен көп жұмыс атқарылды. Мереке күндердің бірде бірі ескерусіз қалған жоқ. Басты жеңісіміз, Білім және ғылым салалық кәсіподағының 100 жылдығына орай, Тараз қаласында өткен «Тәуелсіз елдің спорт сүйер ұстаздары» атты IX облыстық кәсіподақтар спартакиадасында жалпыкомандалық есеп бойынша Шу ауданының құрама командасы 3 орынды иеленді. Бұл біз үшін үлкен жеңіс болды. Біздің бүгінгі күні алға қойып отырған басты міндеттеріміздің бірі – еңбек адамының рөлін арттыру, оның жұмысына кедергі келтірмейтін мүмкіндік жасау.

Мұғалім болса жүктемесін толтырып беру, қосымша төлемдердің заң аясында төленуін қадағалау. Сондай-ақ, зейнет жасына толған педагогке оқу жылының соңына дейін жұмыс істеп, бір лауазымдық жалақы көлемінде өтемақы алу жағын қарастыру. Жалпы, салада атқарылып жатқан жұмыс ауқымы кең. Кәсіподақ мүшелері қоғамдық жұмыстармен қатар түрлі байқауларға да қатысып, белсенділік танытуда. Сондай-ақ бүгінгі күні кәсіподақ мүшелерінің заңды құқықтары Еңбек заңына сәйкес қорғалған.

«Жалпы, кәсіподақ ұйымы еңбек адамына не береді?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Бүгінгі күні кәсіподақ ұйымына мүше болу еңбеккер үшін келесі тиімділіктерді береді. Атап айтсақ, тегін және сапалы заң кеңесі; мемлекеттік органдарда, соттарда тегін өкілеттілік; жалақы есептету, төлету, өндіру; мәдени-көпшілік, спорттық іс-шараларға қатысу, қамтылу; материалдық, қайырымдылық көмек пен қолдау; жеңілдетілген жолдамалар арқылы сауықтыру, тарихи орындарға саяхаттар, балалардың жазғы демалысы және тағы басқа шараларды ұйымдастыру.

Сондай-ақ бүгінгі күні кәсіподақ комитетінің жұмысын ұйымдастыру – алқалы басқару органдарының қызметі Қазақстан кәсіподақтары Федерациясының кезекті XXVI съезі мен 2020-2025 жылдарға арналған «Әділеттілік пен дамуға – бірлікте» атты стратегиялық құжаты, сала кәсіподағының XIV съезі, облыстық ұйымның XV конференциясының шешімдері мен бағдарламалық құжаттарын жүзеге асыруға бағытталып отыр. Бұл бағыттарды саралап-сараптау, зерделеу, тиісті шешімдер қабылдау мақсатында аудандық комитетте биыл Атқару комитетінің 4 мәжілісі өткізілді.

Білім қызметкерлері кәсіподағының Шу аудандық комитетінде бастауыш кәсіподақ ұйымдарының санын арттыру, кәсіподақтарға жаңа әрі тың күштер тартуда бірқатар жұмыстар жүргізіліп келеді. Ынталандыру жұмысы өзінің оң нәтижелерін де беруде. Осы жылдың 1 қаңтардағы статистикалық есеп бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымдарының саны - 89, ал ондағы мүшелер саны 5507 адамды құрады.

Кәсіподақтың ерекше басымдық беретін жұмыс бағыттарының бірі – әлеуметтік әріптестік саналады. Бұл ретте жұмысшылар мен жұмыс берушілердің мүдделерін бір арнаға тоғыстырудың тиімді нысандарын іздеудегі ауқымды жұмыстар жалғасуда. Жұмыс беруші мен жұмысшылардың арасындағы әлеуметтік әріптестік бойынша еңбек қатынастарын реттейтін негізгі құралдың бірі – «Ұжымдық шарт» екендігі бәрімізге мәлім. «Ұжымдық шарт» жұмыс берушілердің шынайы, яғни орындалуы қажет, қамтамасыз етілетін міндеттемелер алуын, еңбек жағдайлары мен еңбекақы төлеудегі олқылықтарды мейлінше жедел және тиімді түрде жоюды қамтамасыз етуде.

Салада шынайы әлеуметтік әріптестік, «ұжымдық шарттар» жасау мен оның орындалуын қамтамасыз ету, сала өкілдерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің тепе-теңдігін сақтауда өзара мәмілеге келе білудің жақсы үлгісі қалыптасқан. Осы орайда, келісімдер мен ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ең ұтымды тәсілі ретінде Әлеуметтік әріптестік жөніндегі екі жақты және жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі Келісу комиссияларының тұрақты әрі пәрменді жұмыс істеуін айтуымызға болады.

Жалпы өткен жылдың 12 маусымында 2024-2026 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы «Ұжымдық шарт» жасалды. Осының аясында бірқатар жұмыстар өз шешімін тапты. Атап айтар болсам, мектеп кітапханашыларының жалақы мөлшері 35 пайызға, есепшілер мен үнемдеушілердің жалақысы 30-50 пайызға, сонымен қатар, қосалқы қызмет жұмыскерлері – қызметтік бөлмелерді тазалаушылар үшін 36 күн еңбек демалысы мен сауықтыруға арналған жәрдемақының берілуі келісілді. 2024 жылы құзырлы органдар тарапынан жүргізілген бақылау тексеру нәтижесінде Ұжымдық шартен көзделген бірқатар нормалардың заңға қайшы деген қорытынды шығарып, бүгінгі күнге «Ұжымдық шарт» нормалары бойынша проблемалар туындап, кәсіподақ тарапынан сотқа талап арыздар беріліп, тиісті процедуралық жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтары үшін конкурстық тағайындау қағидалары, аттестаттау, жалақы төлеу мен есептеу, басшылардың ротациясы сынды ережелерді түсіндіру, орындау және дұрыс қолданумен байланысты тұрақты түрде көптеген сауалдар, проблемалық әрі даулы мәселелер жиі туындауда.

Биыл аудандық комитетке кәсіподақ мүшелерінен 9 жазбаша өтініш түсіп, жеке қабылдауда 922 адам болды. Олардың басым көпшілігі әлеуметтік әріптестік негізінде жұмыс берушілерге тиісті ұсыныстар беру, келіссөздер жүргізу арқылы, қолданыстағы заңдылықтар мен «ұжымдық шарттардағы» талаптарды басшылыққа ала отырып, оң шешімі табылды. Кәсіподақ заңгерлері тікелей қатысқан азаматтық істердің басым көпшілігінде, сот органдарының шешімдері сала өкілі – кәсіподақ мүшесінің және кәсіподақтың пайдасына шешілуде.

Кәсіподақ мүшелерінің еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделеріне қатысты арыз-өтініштер мен шағымдарды қабылдау тиісті деңгейде жүзеге асырылуда және қосымша электрондық пошта мен әлеуметтік желідегі «Facebook» және «WhatsApp» парақшалары арқылы жүргізілуде. Сондай-ақ кәсіподақ мүшелерінің білім беру сапасын арттыру, кәсіподақтың оқыту саясатының басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Биыл 4 кәсіподақтық оқу ұйымдастырылды. Алдағы уақытта да кәсіподақ бұл бағыттағы жұмысты жандандыру мен жетілдіруді баса назарда ұстайтын болады. Бүгінгі күні еңбек адамдарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдармен өзара тиімді әріптестік ісін одан ары жетілдіру қажет. Бұл серіктестіктің берер оң нәтижесі бар екендігі даусыз.

Билік құрылымдары, жұмыс берушілер алдында біз жақсы ұйымдасқан, тәртіп пен реттілігі жоғары, іргесі берік, қандай жағдайда да көмек қолын соза алатын біртұтас ұйым ретінде әрекет етудеміз. Осы ретте жылда аудандық білім бөлімімен бірлесе, аудан мұғалімдерінің дәстүрлі «Тамыз кеңесін», «Еңбек күні», «Кәсіподақтар күні», «Ұстаздар күні», «Республика күні», «Тәуелсіздік күні» мен тағы басқа мерекелерін атап өтумен байланысты іс-шаралар ұйымдастырылып отырады.

Кәсіподақтың аудандық ұйымы әлеуметтік әріптестік, құқықтық қорғау аясындағы жарғылық міндеттермен қатар, сала өкілдерінің құқықтық сауатын арттыру, ақпараттық-имидждік жұмысты жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі шараларын күшейту, жастармен жұмыс, сала қызметкерлері – кәсіподақ мүшелерін сауықтыру, демалдыру мен рухани қолдау шараларын жоспарлы түрде жүргізеді.

Кәсіподақ ұйымы, сондай ақ сала еңбеккерлерінің тынығуы, демалысы мен бос уақытын қызықты өткізуі, рухани дамуына ерекше назар аударады. Сауықтыру шараларымен биылғы жылы 800 кәсіподақ мүшесі және олардың отбасы өкілдері қамтылады деп жоспарлануда. Сондай-ақ Түркістан тарихи-танымдық саяхатына – 50, Алакөлге – 50, Ыстыққөлге 50 сала өкілін апару жоспарлануда.

Сонымен қатар, аудандық комитет ұзақ емделуді қажет ететін кәсіподақ мүшелеріне өз өтініштері мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарының шешіміне сәйкес, қайырымдылық көмек те көрсетіп тұрады. Кәсіподақтың басты мақсаты – еңбек адамына деген құрмет, кәсіптік одақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне өкілеттік етіп, лайықты қорғай білетін ұйымға айналу. Осы ықылас пен ынта көрінген ортада бәрі де жемісті болмақ.

Мұның барлығы да мұғалімге деген шынайы құрмет, шынайы қамқорлық, оның жанкешті еңбегіне деген лайықты бағалау деп білемін. Себебі, ұстазын лайықты құрметтеген қоғам ғана қарыштап ілгері жылжитыны ақиқат.

А. БЕКМУРЗИНА,
Шу аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрайымы.
Жамбыл облысы.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТМРКД «ВАДИСА М» ЖШС-НЫҢ ӨТІНІМДЕРІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Вадиса М» ЖШС-ның тарифтер жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізілетіні туралы келесіні хабарлайды:

- бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметтерге **2025 жылғы 30 маусымда сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Узкоколейная көшесі, 9, «Вадиса М» ЖШС кеңсесі мекенжайы бойынша өтеді;

- бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда манервлі жұмыстар, тиеу-түсіру мен тасымалдау процесінің басқа да операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық опреацияларда көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі қызметтерге **2025 жылғы 30 маусымда сағат 11.30-де** Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Узкоколейная көшесі, 9, «Вадиса М» ЖШС кеңсесі мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ДКРЕМ ПО КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОЙДУТ ПУБЛИЧЫЕ СЛУШАНИЯ ПО ЗАЯВКАМ ТОО «ВАДИСА М»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичных слушании по обсуждению проекта тарифов ТОО «Вадиса М»:

- на услуги по предоставлению подъездных путей для проезда подвижного состава при условии отстутсвия конкурентного подъездного пути, которое состоится **30 июня 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Костанай, ул. Узкоколейная 9, офис ТОО «Вадиса М»;

- на услуги по предоставлению подъездного пути для маневровых работ, погрузки-выгрузки, других технологических операций перевозочного процесса, а также для стоянки подвижного состава, непредусмотренной технологическими операциями перевозочного процесса при условии отсутствия конкурентного подъездного пути, которое состоится **30 июня 2025 года в 11.30 часов** по адресу: Костанайская область, город Костанай, ул. Узкоколейная 9, офис ТОО «Вадиса М».

Номер для подключения к публичному слушанию посредством «ZOOM» - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТМРКД «ЖОЛСЕРВИСЦЕНТР-2018» ЖШС-НЫҢ ӨТІНІМДЕРІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «ЖолСервисЦентр-2018» ЖШС-ның тарифтер жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізілетіні туралы келесіні хабарлайды:

- бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметтерге **2025 жылғы 4 шілдеде сағат 10.00-де** Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 170, «Олжа Агро» ЖШС мекенжайы бойынша өтеді;

- бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда манервлі жұмыстар, тиеу-түсіру мен тасымалдау процесінің басқа да операциялары үшін ,сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық опреацияларда көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі қызметтерге 2025 жылғы 4 шілдеде сағат 11.00-де Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 170, «Олжа Агро» ЖШС мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ДКРЕМ ПО КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОЙДУТ ПУБЛИЧЫЕ СЛУШАНИЯ ПО ЗАЯВКАМ ТОО «ЖОЛСЕРВИСЦЕНТР-2018»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичных слушании по обсуждению проекта тарифов ТОО «ЖолСервисЦентр-2018»:

- на услуги по предоставлению подъездных путей для проезда подвижного состава при условии отстутсвия конкурентного подъездного пути, которое состоится **4 июля 2025 года в 10.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Костанай, проспект Нурсултана Назарбаева, 170, ТОО «Олжа Агро»;

- на услуги по предоставлению подъездного пути для маневровых работ, погрузки-выгрузки, других технологических операций перевозочного процесса, а также для стоянки подвижного состава, непредусмотренной технологическими операциями перевозочного процесса при условии отсутствия конкурентного подъездного пути, которое состоится 4 июля 2025 года в 11.00 часов по адресу: Костанайская область, город Костанай, проспект Нурсултана Назарбаева, 170, ТОО «Олжа Агро».

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

ТАРИФ ЖОБАСЫН ҚАРАУ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ

Павлодар облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаменті **2025 жылғы 04 шілдеде сағат 15.00-де** Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ак. Сәтпаев к., 136, 4 қабат, 419 каб., мекенжайында «SIMCON» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылу энергиясын беру, тарату және жабдықтау қызметіне тариф жобасын қарау бойынша.

Сонымен қатар «Zoom» арқылы конференция жоспарланған: https://us04web.zoom.us/j/9916440244?pwd=WWprM2FSa2FSVGNlVkpOdDlRUkJKUT09 сілтеме арқылы қатысуға болады.

Конференция идентификаторы: 991 644 0244

Кіру коды: ZAAZ49.

Сонымен қоса, «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимде өтеді. (https://www.facebook.com/profile.php?id=100064953654562).

Департамент тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға шақырады.

Анықтама телефоны: 615955.

ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО РАССМОТРЕНИЮ ПРОЕКТА ТАРИФА

Департамент комитета по регулированию естественных монополий по Павлодарской области сообщает, что **04 июля 2025 года в 15.00 часов** состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа товарищества с ограниченной ответственностью «SIMCON» по передаче, распределению и снабжению тепловой энергиии по адресу: Павлодарская область, город Павлодар, улица Ак Сатпаева, 136, 4 этаж, каб. 419.

Также запланирована конференция: «Zoom».

Подключиться к конференции можно по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/9916440244?pwd=WWprM2FSa2FSVGNlVkpOdDlRUkJKUT09

Идентификатор конференции: 991 644 0244

Код доступа: ZAAZ49.

Дополнительно в режиме онлайн посредством социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100064953654562).

Департамент приглашает на публичное слушание потребителей и иных заинтересованных лиц.

Справки по телефону: 615955.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.
Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 399